



Қайта
әлеуметтенудің
жаңа қадамы

2-бет



Ғарышқа ғашық
бір ғұмыр

5-бет



Шеберлік шындайтын
шешуші кезең

8-бет



• ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРІ ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ – 80 ЖАСТА

Алашым менің – аспанда

Тоқтар Әубәкіровке

Көзімді жұмып, ашқанда
Көрдім мен Күнді сүйіне:
Алашым менің – аспанда,
Астында – қалған Дүние!

Сансыз ой тұнып санамда,
сансыз жұлдыздың ішінде –
осынау ғажап ғаламға
кілеммен ұшқам – түсімде...

Жан-тәнін сүйген көктен нұр,
– Ассалаумағалейкум, уа, әлем! –
Аспандай рухы мөл-мөлдір,
Ақ көңіл едім туа мен.

Аспаным маған – астана,
Аллаға ұқсас – пішіні.
Бар жерін беріп басқаға,
үй-күйсіз қалған кісіні –
Көріп пе ең, әлем?
Сол – Менмін!
Ол-дағы, мүмкін, ірілік.
Сан рет өшіп, өлгенмін,
Сан рет қайта тіріліп!

Сері қазағың – алысқа,
Жақынға-дағы шашылды.
Дастарқан жайып ғарышқа
бәрінің қосса басынды –
өкпесін сақтап ішіне,
өмірі айта алмайтұғын!
Дәм берген кезде кісіге
дәулеті шайқалмайтұғын!

Жер дауы,
жесір дауынан сасқанда
Бір-ақ сөзбен біткен онысы.
Алашым менің – Аспанда,
астында –
АЗАМАТ СОҒЫСЫ...

Еркіндік уызын ерке еміп,
Атырау – Арқа – Алтайдан –
еңкейген болсаң – еңкейіп,
шалқайған болсаң –
шалқайған!

Қазағың осы, қайтейін,
жүрегі – ақ,
қара – көздері,
қазақша сөйлетіп Дантені,
орысша сөйлейтін өздері...

Ұжмаққа барар ол әлі,
орда ғып Қазақстанның.
Шаһарларында – қонағы,
өзі жүр қимай – қыстағын!

Қаңғыбас емес соншама,
не жетсін Арқадағыға.
Ғарышың ғажап болса да
қайтады
Қарқаралыға!

Арқаға аруақ қонғаны –
Асауға тисе тақымы.
...Аунап түссе болғаны
Ақбайдың арыс Жақыбы!!!

Көзімді жұмып, ашқанда
Көрдім мен Күнді сүйіне.
Алашым менің – Аспанда,
Астында – қалған Дүние!

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ,
Абай атындағы
Мемлекеттік
сыйлықтың иегері

Қасиет дарыған қазақ қыраны

Ғарыш – шексіз. Дала – мәңгі. Бірі адамзат баласының арманын аспанға жетелесе, екіншісі сол арманға қанат бітіретін өр мінезді ұл тудырады. Адам баласы жұлдыздарға жол іздеп, көк жүзінің құпиясын ашуға ұмтылған шақта, Ұлы Дала өзінің бір перзентін сол заңғар сапарға іштей дайындап жатқандай еді. Нағыз ұлылықтың өлшемі жұлдыздар арасында қалықтауда ғана емес. Ол – аспаннан Жерге оралғанда туған топырақтың қадірін бұрынғыдан да терең түсінуде, әлем мойындаған биіктен түсе сала халқының алдында кішірейе білуде. Жүрегіне тұтас ұлттың намысын, жанарына жаһанның кеңістігін сыйдырған қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров өзінің ғұмыркеруенінде сексен жылдық белесті еңсерді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлт намысын көкке көтерген

Жер кіндігі – Байқоңырдан отыз жылдан астам уақыт бойы ғарыш кемелері көкке көтерілді. Адамзаттың небір арманын арқалаған зымырандар қазақ даласының төсін дүбірлетіп, жұлдыздарға қарай жол тартты. Бірақ, сол ғарыш айлағынан бірде-бір қазақ баласының ұшпауы ел кеудесіндегі шердей, ұлт намысына түскен салмақтай сезілетін.

Бір қарасаң, Жер өзіміздікі, аспан өзіміздікі. Әйткенмен, ғарыш төрінде қазақтың үні естілмеді. Осы тарихи әділет-



Қолжазба жасаған Арайлым Қомтеева

сіздіктің сенін 1991 жылдың 2 қазанында Тоқтар Әубәкіров бұзды. Егемендікке бет алған еліміздің алмағайып кезеңінде ол «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен Байқоңырдан көкке самғады. Кеңес Одағының №72 ғарышкері атанған ол Қазақстанның тұңғыш ғарышкері ретінде тарихқа енді. Сегіз тәуліктен астам уақыт ғарышта

болып, биотехнология, медицина, металлургия және Арал өңіріне қатысты ғылыми зерттеулер жүргізді.

Бұл сапардың салмағын сағатпен немесе тәулікпен өлшеу аздық етеді. Оның шынайы салмағы – ғасырлар бойы азаттықты аңсаған халықтың арманында еді. Оның биіктігі – ғарыш кемесінің

орбитада самғаған биігімен емес, қазақтың сол сәтте көтерілген рухымен өлшенді.

Тоқтар мінген кеме көкке көтерілгенде, онымен бірге тұтас ұлттың тұншыққан намысы, бұлыққан арманы, азаттыққа деген аңсары самғады. Қазақ баласы алғаш рет ғарыштан туған даласына көз тікті. Ұлы Даланың бір

уыс топырағы мен көк байрағы болмаса да, күллі қазақтың үміті оның жүрегінде бірге ұшты.

Жауыннан кейін дүр етіп көтерілген көктей, халықтың құрысқан еңсесі тіктелді. Ғарыш сапары ел өміріндегі рухани сілкініске айналды.

► 5-бет

Оқырман ұлт отбасында қалыптасады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасын ұлттық деңгейде көтеріп, жастарды кітапқа баулу және «Зерделі ұлт» қалыптастыру мақсатында арнайы Жарлыққа қол қойған еді. Бұл Жарлықты халқымыз зор ықыласпен қабыл алғанын әлеуметтік желіден, әртүрлі қоғамдық ортадағы пікірлер арқылы аңғарып жүрміз. Шығармаларды талдайтын подкасттар, контенттер қазір трендке айналды. Осы бағыттағы блогерлер қауымы миллиондаған оқырманды өзіне қаратып жатыр. Кітап оқуды насихаттау мәселесі мемлекеттік деңгейде көтерілгенімен, ізгілікке бастайтын қадамдардың барлығы отбасы, ошақ қасынан басталатыны анық. Цифрлық технология қарыштап дамыған ғасырда смартфонға телмірген баланың бетін кітапқа бұрғызу үшін түрлі айла-тәсіл керек. Соның жолын тауып жатқан ата-аналар баршылық.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мысал ретінде әріптесіміз, белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Жәлел Шалқарды алуға болады. Ол биыл отбасымен бірге «Кітап оқитын ұлт» жобасына қатысып, II орын алды. 40 сұрақтың отыз бесіне дұрыс жауап берді. Жобаға өзі, әйелі және үш баласымен қа-



тысты. Жоба күн жарықта ойын қуып, кешке үйге кіре смартфонның қолға алатын балаларына кітап оқытуға серпіліс берген. Әйелі де, балалары да қолдапты. Бірақ, балаларының кітапқа қы-

зығушылығын қалай арттырғаны бір бөлек әңгіме.

– Өзім жасымнан кітап оқып өстім. Облыстық Н.Гоголь атындағы ғылыми әмбебап кітапханасында да қызмет атқардым.

Кітаптың адамға ізгілік нұрын сыйлайтынын, ой-өрісін кеңейтетінін жақсы білемін. Өсіріп отырған ұл-қыздарымның келешекте парасаты, пайымы қалыптасқан азамат болып өскенін қалаймын. «Кітап оқитын ұлт» жобасы осы қадамға серпіліс берді. Оның үстіне, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығын оқып, бұл қадамның келешек ұрпақ үшін, ел ертеңі үшін қаншалықты маңызды екенін шын ұқтым. Сөйтіп, есейіп қалған үш балама оқылған әр бет үшін 50 теңгеден төлеймін дедім. Олар бұл бастамамды құп көріп, күн сайын 10-20 беттен оқыды. Уақыт өткен сайын бет саны көбейді. Содан кейін олар оқыған шығармаларын өзара талдап, әңгімелесе бастады.

► 6-бет

• ТАҒАЙЫНДАУ

Аймақтың инвестициялық әлеуеті артады

«Qaragandy Invest инвестицияларды дамыту орталығы» АҚ – «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының басқарма төрағасы қызметіне Елжан Серғалиұлы тағайындалды. Бұл шешім Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі ұйымдастырған ашық конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша қабылданды. Жана басшыны ұжымға және өңірдің бизнес өкілдеріне облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев таныстырды.



Жәлел ША.ЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елжан Серғалиұлының басқарушылық қызметтегі тәжірибесі мол. Ол 20 жылдан астам уақыт мемлекеттік және корпоративтік секторларда жауапты лауазымдарда еңбек еткен. Әр жылдары Ақмола облысы әкімдігінде кәсіпкерлік, инвестициялар және туризм салаларына жетекшілік етсе, кейін Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

Құрылыс, сауда, өнеркәсіп және жылжымайтын мүлікті басқару бағытында бірқатар компанияда басшылық қызмет атқарып, өндірістік және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға атсалысқан. Зангерлік және қаржы саласы бойынша екі жоғары білімі бар, бизнесі басқару магистрі.

Жиын барысында облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев бүгінде аймақтар арасында инвестиция үшін бәсеке күшейгенін, инвесторлармен жүйелі әрі нәтижелі жұмыс жүргізетін институттардың қызметі ерекше маңызға ие екенін айтты.

– «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы құрылғаннан бері өңірге 231 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Осы кезеңде шамамен 320 миллиард теңгенің өнеркәсіптік өнімі өндіріліп, 1,5 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Бұл – арнайы экономикалық аймақтың өңір экономикасына қосқан нақты үлесі. Алдағы уақытта инвестициялық тартымдылықты одан әрі арттыру, кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасау және әрбір жобаны жоғары деңгейде сүйемелдеу негізгі міндет болып қала береді, – деді Асқар Ғазалиев.

Қайта әлеуметтенудің жаңа қадамы

Заң мен тәртіп – қоғам тұрақтылығының басты кепілі. Ал осы қағидаттың өмірде жүзеге асуы тек құқық бұзушылықтың алдын алумен ғана емес, қателік жасаған адамның қоғамға қайта бейімделуіне мүмкіндік берумен де өлшенеді. Қылмыстың қайталануының алдын алып, пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарға жаңа өмір бастауға жағдай жасау – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта ұйымдастырылған «Жарқын болашаққа бастар жол» форумында мемлекет, қоғам және бизнес өкілдері ортақ жауапкершілік төңірегінде ой өрбітті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумда сөз сөйлеген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл бастаманың қоғамдағы заң мен тәртіп қағидатын нығайтудағы маңызына тоқталды.

– «Жарқын болашаққа бастар жол» форумының ашылуымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі басқосу – пробация қызметі есебінде тұрған азаматтарды әлеуметтік бейімдеу мәселелерін талқылап, осы бағыттағы өзара іс-қимылды жетілдіруге арналған маңызды алаң. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде қылмыстық-атқару жүйесінің басты мақсаты тек жазалау емес, адамның түзелуіне және қоғамға қайта оралуына мүмкіндік беру екенін ерекше атап өтті. Сондықтан жұмыспен қамту мен әлеуметтік бейімдеу шаралары мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып қала береді. Біздің басты мақсатымыз – әр азаматтың қоғамнан өз орнын тауып, адал еңбек арқылы жаңа өмір бастауына жағдай жасау, – деді облыс әкімі.

Бұл бағыттағы жұмыстар нақты нәтижесін көрсетіп келеді. Биыл өңірде 60 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, оған 653 жұмыс беруші қатысты. Пробация есебінде тұрған азаматтарға арналған 146 жұмыс орны квоталанған. Ал, өткен жылы 539 адамға 47 млн теңге көлемінде бірқолғы әлеуметтік көмек көрсетілді.

Пробациядағы азаматтардың қылмысқа қайта баруы көбіне жұмыссыздықпен, тұрақты табыстың жоқтығымен және қоғам

тарапынан сенімнің аздығымен байланысты. Бүгінгі форум тек құқық қорғау саласының емес, әлеуметтік саясаттың да маңызды мәселесін көтерді.

Заңды күшіне енген үкімдердің заңдылығын және олардың орындалуын қадағалау қызметінің бастығы Мұрат Ахметовтің айтуынша, мұндай форматтағы форум елімізде алғаш рет өткізіліп отыр. Форумның Қарағанды облысында ұйымдастырылуы да кездейсоқ емес. Өңірде республикадағы түзеу мекемелерінің ең көп бөлігі шоғырланған. 1990 жылдары еліміздегі түзеу мекемелерінде 95 мыңға жуық адам жазасын өтесе, бүгінде бұл көрсеткіш 38 мыңға дейін төмендеген. Осы кезеңде 14 түзеу мекемесі жаблып, бас бостандығынан айыру жазасы негізінен ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандарға ғана қолданылатын жүйе қалыптасты. Соның нәтижесінде бүгінде түрмеде отырғандар барлық сотталғандардың 30 пайызынан аспайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен бір жылдың ішінде елімізде екінші рет рақымшылық жасалып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылатындардың саны артқан.

– Жыл сайын пробация қызметінің есебінде 60 мыңға жуық азамат болады. 2026 жылғы 2 наурыздан күшіне енген. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Заңға сәйкес, түзеу мекемелерінен босатылған азаматтардың барлығы автоматты түрде әкімшілік қадағалауға алынады. Сондықтан оларды жұмыспен қамту, әлеуметтік бейімдеу және қоғамға қайта қосу мәселесі бұрынғыдан да өзекті, – деді Мұрат Ахметов.



Пробациядағы азаматтардың басты мәселесі – жұмысқа орналасу мен қоғамға бейімделу. Тұрақты табыс пен кәсіптің болмауы көп жағдайда адамның қайтадан қателікке бой алдыруына себеп болады. Форумда жұмыспен қамту, кәсіптік білім алу, әлеуметтік, психологиялық және құқықтық қолдау көрсету мәселелері кеңінен талқыланды. Осы бағытта мемлекет пен кәсіпкерлердің өзара әріптесті-

гін күшейту қажеттігі айтылды.

– Біз бүгін тек заң талаптарының орындалуын ғана емес, кезінде қателескенімен, өмірін өзгертуге дайын адамдардың тағдырын талқылап отырмыз. Пробация – бұл жай ғана жазаны өтеу емес, мемлекеттің адамға деген сенімі және оған берілген екінші мүмкіндік. Ол азаматқа отбасын, жұмысын және қоғамдағы орнын сақтап қалуға жағдай жасайды. Екіншіке қарай, бұл мүмкіндікті бәрі бірдей пайдалана алмайды. Биылдың өзінде пробация есебінде тұрған 100-ден астам адам сот талаптарынан бұзғаны үшін қайтадан бас бостандығынан айыру орындарына жіберілді. Бұл – жай ғана статистика емес. Әрбір санның артында адам тағдыры, отбасының үміті және жіберіп алған мүмкіндік тұр. Мемлекет мүмкіндік береді, бірақ оны пайдалану әркімнің өз жауапкершілігіне байланысты, – деді Қарағанды облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев.

Форумда көтерілген мәселелердің өмірдегі маңызын пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтардың өздері де атап өтті.

– Бұл форумға алғаш рет қатысып отырмын. Осындай шараның қалай өтетінін көріп, мүмкіндіктерімен танысым келді.

Кезінде қателік жіберген адаммын, бірақ бүгінде заң талаптарын сақтап, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде өмір сүріп жатырмын. Мұндай форумдар пробация қызметінің есебінде тұрғандар үшін өте қажет. Олар адамдарға дұрыс жолдан таймауға, қоғамға қайта бейімделуге және алға ұмтылуға мотивация береді. Өзім де жұмысқа орналасу кезінде біраз қиындық көрдім. Екі айдай жұмыс іздедім. Ең қиыны – жұмыс берушілердің соттылық туралы анықтама сұрауы. Пробацияда есепте тұрғаныңды білгенде көзқарастары өзгеріп, көбіне «хабарласамыз» деген жауаппен шығарып салады. Сондықтан, бізге осындай қолдау өте маңызды, – деді Рахат Жиенкүлов.

Форум аясында бос жұмыс

орындарының жәрмеңкесі ұйымдастырылып, қатысушыларға түрлі мекемелер мен кәсіпорындардағы вакансиялар ұсынылды. Мамандар құқықтық кеңес беріп, кәсіптік оқуға жолдамалар табыстады. Бұл – қағаз жүзіндегі бастама емес, нақты адамның өміріне әсер ететін қадам. Өйткені, қайта әлеуметтенудің ең сенімді жолы – еңбекке араласып, қоғамнан өз орнын табу. Шара қорытындысында қайта әлеуметтендіру жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары бекітіліп, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдері арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмыспен қамту мен кәсіптік оқыту ісін жүйелі жүргізуге бағытталған.

Пробация – жазаны өтеудің соңғы кезеңі Фемес, жаңа өмірдің алғашқы баспалдағы. Ал, сол баспалдақтан сүрінбей өту үшін мемлекет, жұмыс беруші және қоғам бірлесе әрекет еткенде ғана екінші мүмкіндік нақты нәтижеге айналады. Қарағандыдағы форум осы жауапкершіліктің ортақ екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ӨЗЕКТІ

Инклюзивті білімнің игілігі

Облыс аумағында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дене тәрбиесімен жүйелі айналысуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жаңа деңгейге көтерілуде. Жыл соңына дейін өңірдегі 500-ге жуық дене шынықтыру пәнінің мұғалімі бейімделген дене шынықтыру негіздері бойынша арнайы оқытудан өтеді. Соның нәтижесінде облыстағы әрбір мектепте инклюзивті білім беру талаптарына сай жұмыс істей алатын кемінде бір маман болады.

Жәлел ША.ЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл бастама – аймақта инклюзивті білім беру жүйесін кезең-кезеңімен жетілдіруге бағытталған жұмыстардың заңды жалғасы. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың спортпен шұғылдануына мүмкіндік жасау, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуін күшейту және сапалы білім алуына жағдай қалыптастыру бүгінде өңірдегі әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналып отыр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл мәселені тұрақты бақылауда ұстап келеді. Ол әр тоқсан сайын мүгедектігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы кездесулер өткізіп, білім, денсаулық сақтау, спорт және әлеуметтік қорғау салаларына жауапты мекемелердің қатысуымен өзекті мәселелерді талқылайды. Мұндай кездесулерде көтеріл-

ген ұсыныстар мен пікірлер нақты шешімдер қабылдауға негіз болуда.

Инклюзивті білім беруді дамытудағы тағы бір маңызды қадам – жаңа оқу жылынан бастап, бейімделген дене шынықтыру пәнінің Қарағанды қаласындағы екі колледждің білім беру бағдарламасына енгізілуі. Бұл болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің теориялық негіздерін меңгеріп қана қоймай, тәжірибелік машықтарын студенттік кезеңнен қалыптастыруына мүмкіндік береді. Яғни, мектептерге дайын мамандар келеді деген сөз.

Аймақта ерекше қажеттілігі бар жастарды қоғам өміріне бейімдеу бағытында да нақты нәтижелер бар. Соның бірі – «Жасыл ел» еңбек жасақтары жобасына қатысушылар санының артуы. Былтыр пилоттық жоба аясында небәрі 10 жас қамтылса, биыл

олардың саны бес есеге көбейіп, 50 адамға жеткен.

Қазір Қарағанды қаласында «Әсет Инклюзив» қоғамдық бірлестігі жанынан құрылған «Бізбен бірге бол» интеграциялық орталығының базасында инклюзивті еңбек жасақтары жұмыс істеп тұр. Бұл бастама жастардың еңбекке бейімделуіне, әлеуметтік ортаға араласуына және өз мүмкіндігін көрсетуіне жол ашып отыр. Аймақ басшысы жобаның жаз мезгілімен шектелмей, жыл бойы жалғасу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

«Батыл жүрек» қоғамдық қорының тең құрылтайшысы Гаухар Әкіжанованың айтуынша, облыс басшылығы ұйымдастыратын мұндай кездесулер нақты проблемаларды анықтап, оларды бірлесіп шешуге мүмкіндік береді.

– Бұл бір отбасының немесе бір қаланың мәселесі емес. Біз барлық өңірге ортақ өзекті мәселелерді көтеріп, салалық ведомстволармен бірге олардың шешімін іздейміз. Қуантарлығы, бүгінде аудандар мен қалалардың өзі бастама көтеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін спорттық қай бағыттарын дамыту керектігіне қызығушылық танытып отыр. Біз ұсынған

көптеген бастама қолдау тауып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді, – деді ол.

Бүгінде облыста бейімделген спорт түрлерінің қатары да көбейіп келеді. Биыл Осакаров және Бұқар жырау аудандарында жеңіл атлетика секциялары ашылды. Сонымен бірге, Саран қаласында, оның ішінде, бейімделген жүзу спорты бойынша жұмыс істейтін спорттық топтардың қызметі жалғасуда.

Сонымен бірге, менталдық даму ерекшеліктері бар балаларға арналған бейімделген жүзу бағдарламалары кеңейтіліп, жеңіл атлетика секцияларындағы орын саны көбейтілді. Бұл балалардың спортпен тұрақты айналысуына және денсаулығын нығайтуына мүмкіндік береді.

Инклюзивті бағыттағы тың жобаның бірі – Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің базасында ұйымдастырылған даму ерекшеліктері бар балаларға арналған жазғы лагерь. Алғашқы маусымның нәтижесі ата-аналардың оң бағасына ие болып, болашақ педагогтер үшін де тәжірибелік алаңға айналды. Мұнда студенттер ерекше балалармен жұмыс істеудің қыр-сырын тәжірибе жүзінде меңгеріп келеді.

Өткен кездесулердің нәтижесінде жү-

зеге асқан әлеуметтік бастаманың бірі – Теміртау қаласында мүгедектігі бар балаларға қоғамдық көлікте тегін жүру мүмкіндігінің енгізілуі. Бұл да ата-аналардың ұсыныстары негізінде қабылданған нақты шешімдердің бірі болды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ерекше қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін қолдауды одан әрі күшейту басты міндеттің бірі екенін атап өтті.

– Жыл сайын оңалту шараларына, арнайы білім беру бағдарламаларына және қоғамдағы спорттық секцияларға мұқтаж балалардың саны артып келеді. Сондықтан, инклюзивті ортаны дамыту, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және осындай жобаларды қолдау жұмысы жалғасады. Ата-аналармен ашық диалог нақты мәселелерді дер кезінде анықтап, тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыста қолға алынған бұл бастамалар ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғам өміріне белсенді араласуына, сапалы білім мен спортқа тең дәрежеде қол жеткізуіне және олардың әлеуетін толық ашуға бағытталған жүйелі жұмыстың жалғасын жатқанын көрсетеді.

Саяси реформаның салмақты қадамы



23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауы – еліміздің жаңа Конституциясында белгіленген саяси модельді іс жүзінде жүзеге асырудың алғашқы маңызды кезеңі. Бұл сайлау жаңа өкілді органды қалыптастырумен қатар, жаңарған сайлау жүйесінің тиімділігі мен конституциялық реформалардың өміршеңдігін көрсететін маңызды саяси оқиғаға айналмақ. Сондықтан, науданның табысты өтуі дауыс беру күнімен ғана емес, оған дейін атқарылатын дайындық жұмыстарының сапасымен өлшенеді. Бүгінде облыста сайлау учаскелерінің әзірлігі тексеріліп, комиссия мүшелері оқытылуымен қатар, тұрғындарды ақпараттандыруға бағытталған жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.



Қолжазба жасаған Айбек Рахымжан

Салтанат І.ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық сайлау комиссиясының мәліметінше, өңірдегі дайындық жұмыстары дауыс беру күнін ұйымдастырумен ғана шектелмей, комиссия мүшелерін оқыту, сайлаушыларды ақпараттандыру, цифрлық сервистерді енгізу және учаскелердің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағыттарын қамтып отыр.

Жалпы, облыста сайлауды өткізуге 653 сайлау комиссиясы жұмылдырылса, оның 14-і – аумақтық, 639-ы – учаскелік комиссия. Бұл ретте комиссия мүшелерінің сайлау науқанына қатысу тәжірибесінің болуы да маңызды. Облыстағы 4429 комиссия мүшесінің 96 пайыздан астамы бұған дейін сайлауға қатысқанын ескерсек, өңірде аталған процесі ұйымдастыруда тәжірибелі кадрлар шоғыры қалыптасқанын көрсетеді.

Ал, жаңадан сайланған мүшелер арнайы оқудан өтіп, семинар барысында дауыс беру күні туындауы мүмкін түрлі жағдайларды алдын ала қарастырады.

Осы 4429 комиссия мүшесі жұмысқа кірісетін 639 сайлау учаскесінің 35-і – азаматтардың уақытша болатын орындарында. Учаскелердің басым бөлігі тұрғындардың келуіне және дауыс беру процесін ұйымдасқан түрде өткізуге мүмкіндік беретін білім

беру және мәдениет нысандарында. Олар әдеттегідей дауыс беру кабиналарымен, жәшіктермен, ақпараттық және анықтамалық материалдар орналастырылатын стендтермен жабдықталады.

Биылғы дайындықтың басты ерекшеліктерінің бірі – цифрлық мүмкіндіктің кеңейтілуі. Мыңнан астам сайлаушысы бар 349 учаскеде сайлаушылардың тіркелуін онлайн тексеру функциясы іске қосылады. Одан бөлек, арнайы Telegram-бот та бар. Бұл сайлау учаскесін іздеуге кететін уақытты үнемдеп, ақпаратқа қолжетімділікті арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, тұрғындар Senim109 бірыңғай байланыс орталығы және өңірлердегі 14 call-орталық арқылы кеңес алады.

Сайлауға дайындық әр азаматтың өз құқығын еш кедергісіз пайдалана алуымен де бағаланады. Сондықтан, осы кезден мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай жасауға ерекше мән берілгенін айту керек. Яғни, учаскелер қажетті инфрақұрылыммен жабдықталып, әр сайлаушының қажеттілігі ескеріледі.

«Сайлау» ақпараттық жүйесіндегі мәліметке сәйкес, облыста 758 141 адам сайлаушылар тізімінде. Мұның бәрі алдағы саяси науқанды ұйымдастырудағы басты ұстанымдардың – қолжетімділік, ашықтық және жүйеліліктің нақты көрінісі.

Елдік тандау ертеңді еңселендіреді

Жаңа Конституцияның күшіне енуі еліміздің қоғамдық-саяси дамуындағы маңызды белестердің біріне айналды. Мемлекеттің саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған конституциялық өзгерістер азаматтардың ел басқару үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, қоғам мен мемлекеттік институттар арасындағы байланысты нығайтуға жаңа негіз қалыптастырды. Ендігі кезекте осы тарихи өзгерістер аясында Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді. Бұл – жаңарған саяси кезеңдегі азаматтардың өз тандауын білдіретін, ел болашағын қалыптастыруға қатысатын маңызды қоғамдық-саяси оқиға.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғам дамуының әр кезеңінде саяси өзгерістер елдің алдағы бағытын айқындайтын маңызды шешімдермен сабақтас келеді. Қазақстандағы конституциялық жаңғырулар да азаматтардың ролін арттыруға, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін күшейтуге және халықтың пікірін ескеретін жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыруға бағытталды.

Жаңа Конституцияның күшіне енуі осы өзгерістердің құқықтық негізін бекітті. Ендігі міндет – жаңарған қағидаттарды қоғамдық өмірде жүзеге асыру. Осы тұрғыдан алғанда Құрылтай депутаттарын сайлау – жаңа саяси кезеңнің маңызды қадамының бірі.

Құрылтай институтының басты ерекшелігі – қоғамның әртүрлі топтарының пікірін біріктіріп, азаматтардың ұсыныстарын ортақ талқылауға мүмкіндік беруінде. Бұл институт халық пен мемлекет арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық бастамалардың естілуіне жол ашады.

Құрылтай депутаттары сайлауына 7 саяси партия қатысады. Партиялар сайлаушылар назарына өздерінің сайлауалды бағдарламаларын ұсынып, ел дамуының маңызды бағыттары бойынша өз ұстанымдарын таныстырады.

Саяси партиялардың үгіт-насихат жұмыстары 23 шілде сағат 18:00-де баста-



Сурет Aqorda.kz

Құрылтай институтының басты ерекшелігі – қоғамның әртүрлі топтарының пікірін біріктіріп, азаматтардың ұсыныстарын ортақ талқылауға мүмкіндік беруінде. Бұл институт халық пен мемлекет арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық бастамалардың естілуіне жол ашады.

лып, 21 тамыз сағат 00:00-ге дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында партиялар азаматтармен кездесулер өткізіп, өз бағдарламаларын түсіндіреді.

Ал, 22 тамыз – тыныштық күні. Бұл күні сайлауалды үгіт жүргізуге жол берілмейді. Құрылтай депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамыз күні өтеді. Дауыс беру сайлау учаскелерінде сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін жүргізіледі.

Сайлауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, дауыс беру күні 18 жасқа толған және сайлаушылар тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркеновтің айтуынша, сайлау нұсқаулары сапалы өтуі ең алдымен дайындық жұмыстарының жүйелілігіне байланысты.

– Сайлау процесінің әр кезеңі заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс. Қазір барлық бағыт бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Басты мақсат – азаматтардың өз тандауын еркін әрі қолайлы жағдайда жүзеге асыруына мүмкіндік жасау, – дейді Қайрат Нұркенов.

Облыстық сайлау комиссиясының мәліметінше, Құрылтай сайлауын байқауға ниет білдірген 11 өңірден 18 қоғамдық ұйым мен үкіметтік емес ұйым аккредиттеуден өткен. Бұл көрсеткіш азаматтық қоғам өкілдерінің сайлау процесіне қатысу белсенділігінің артып келе жатқанын аңғартады.

Сонымен қатар, дауыс беру күні сайлау процесінің барысын 6 мыңнан астам адам бақылайтын болады. Олардың қатарында сайлау комиссияларының мүшелері мен қоғамдық байқаушылар бар.

– Қазіргі уақытта байқаушыларды оқыту жұмыстары басталды. Оқу барысында сайлау заңнамасының талаптары мен байқаушылардың құқықтары және міндеттері түсіндірілуде. Құрылтай депутаттарын сайлау күні біздің байқаушылар өңірдегі сайлау учаскелерінде қоғамдық бақылау жүргізеді. Бұл сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді, – дейді Қарағанды облыстық Азаматтық альянсының төрағасы, «Дауыс» байқаушылар коалициясы облыстық филиалының төрағасы Дмитрий Полтаренко.

Қазір сайлауды ұйымдастыру дауыс беру процесімен ғана шектелмейді. Азаматтарды толық әрі уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету де маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта облыстық сайлау комиссиясында ресми интернет-ресурсында «Құрылтай – 2026» арнайы бөлімі жұмыс істейді.

Аталған бөлімде азаматтар үшін қажетті ақпараттар орналастырылған. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, сайлау заңнамасы, күнтізбелік жоспар, сайлау учаскелерінің орналасқан жерлері мен шекаралары, сайлау комиссияларының құрамы және басқа да маңызды деректермен қамтылған.

Құрылтай депутаттарын сайлау – Қазақстанның жаңа саяси кезеңіндегі маңызды тарихи оқиғаның бірі. Жаңа Конституция негізінде жүзеге асырылып жатқан реформалар азаматтардың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, халық пен мемлекеттік институттар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған.

Қоғамдық-саяси жаңғыру тек заңнамалық өзгерістермен ғана өлшенбейді. Оның нақты нәтижесі азаматтардың мемлекеттік маңызы бар шешімдерге қатысу мүмкіндігімен, қоғамдық пікірдің ескерілуімен және саяси институттардың тиімді жұмысымен айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда Құрылтай депутаттарын сайлау жаңа Конституцияда айқындалған қағидаттардың практикалық жалғасы болып, қоғамдық диалог мәдениетін одан әрі дамытуға бағытталған маңызды кезеңдердің бірі саналады.

Жылу желілері жаңғыртылуда

Балқаш қаласында алдағы жылыту маусымына дайындық қарқынды жүргізілуде. Биыл коммуналдық қызметтер 25 шақырым жылу желісін жаңартып, күрделі жөндеуден өткізуді жоспарлап отыр. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық жоғары көрсеткіш.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары қаланың бірнеше аумағында қатар атқарылуда. Соның бірі – Жидебай батыр

шағын ауданындағы №15 тұрғын үй маны. Мұнда ұзындығы 120 метр болатын жылу құбыры жаңартылуда. Диаметрі 325 миллиметрлік ескі құбырдың орнына диаметр 426 миллиметр болатын

жаңа құбыр орнатылып жатыр.

Мамандардың айтуынша, бұл желінің өткізу қабілетін арттырып, қысқымды тұрақтандыруға және шағын ауданды жылумен қамту



ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

сенімділігін күшейтуге мүмкіндік береді. Осындай жаңғырту жұмыстары 17-ықшамауданда да жалғасуда.

Балқашта жылумен жабдықтау жүйесін кезең-кезеңімен жаңғырту бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бұған дейін кейбір жылу желілерінің тозу деңгейі 80 пайыздан асқан болатын. Соңғы екі жыл ішінде қалада 80 шақырымнан астам инженерлік инфрақұрылым жаңартылды. Оның ішінде 32 шақырым жылу желісі толықтай ауыстырылып, пайдалануға берілді.

Жүргізіліп жатқан жұмыстардың басты мақсаты – тұрғындарды алдағы қыс мезгілінде сапалы әрі тұрақты жылумен қамтамасыз ету. Инженерлік желілерді жаңарту апатты жағдайлардың алдын алып, коммуналдық жүйенің тиімділігін мен сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• РЕСМИ

Қарағандының шекарасы кеңейді

Қазақстан Республикасы Үкіметі Қарағанды қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы қаулыны мақұлдап, облыс орталығының аумағын кеңейтуге бағытталған маңызды шешім қабылдады.



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыған сәйкес, Бұқар жырау ауданынан жалпы көлемі 281 гектар жер телімі Қарағанды қаласының құрамына беріледі. Сындарлы қалам өңірдің урбанистикалық дамуын бір деңгейге көтеріп, қаланың аумақтық әлеуетін арттыруға, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жүйелі дамытуға, сондай-ақ, болашақ инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыруға берік негіз қалайды.

Мәселен, Көкпекті стансасының (бұрынғы Солонички) жергілікті тұрғын-

дары көптен күткен мәселе оң шешімін тапты. Осы уақытқа дейін атаулы елдімекеннің тұрғын үйлері Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы ауданына қарағанымен, жер аумағының негізгі бөлігі Бұқар жырау ауданының құрамында болған. Әкімшілік аумақтың мұндай бөлінісі тұрғындарға қолайсыздық туғызып келген еді. Ендігі шешіммен Көкпекті стансасы толықтай Қарағанды қаласының құрамына енгізіліп, елдімекенді біртұтас басқаруға мүмкіндік жасалды. Қазіргі таңда мұнда 500-ге жуық адам тұрады және 120 аула мен бір мектеп бар.

• СӘТІ ТУСКЕН СҰХБАТ

Мемлекет және қоғам қайраткері, Астана Мемлекеттік қызмет хабының Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан БАЙМЕНОВ:

Батырдың тұлғалық болмысы ұлтқа қызмет ете береді

Бұл сұхбат маған өте қиынға түсті.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері, аңыз тұлға Токтар Онғарбайұлы Әубәкіровпен етене жақын жүріп, күн аралата хабарласып отырған сырына қанық бауырының бірі болсам да, кібіртіктеп қалдым. Көңілге күдік ұялап, жүрекке күмән бекініп алсын. Былай қарасаң, Токтар аға туралы ең көп жазған журналистің бірімін. Қайтадан мазалап, уақытын алудың өзі ыңғайсыз. Оның үстіне, біраздан бері Батыр ағаның асыл жары Татьяна Михайловна сырқаттанып жатқандықтан, қолқалаудың да реті келмеді. Тіпті, қолқалағанның өзінде «Сен мен туралы жақсы білесің ғой», – десе ше? Ал, өзім білетін деректер негізінде жаза берсем, бұрын жазғандарым мен ұстазым, қарымды қаламгер Мағауия Сембайдың жазғандарының шеңберінен шыға алмай қалуым мүмкін.

Ақыры, тығырықтан шығар жол тауып, белгілі мемлекет қайраткері Әлихан Мұхамедияұлы Байменовпен хабарласып, сұхбат алуға келістім. Алайда, «Көзі тірі адам туралы замандас бауырынан сұхбат алғаным қалай болар екен?», – деген сауал көкейімнен кетпей қойғаны. Оқырман қалай қабылдайды? Көп ойланып, бәрібір Токтар аға өзі туралы көсіліп ештеңе айта қоймайды, одан да Батырдың азаматтық қалпы, боямасыз болмысы туралы Әлихан ағаны сөйлетейін деген тоқтамға келдім.

Сонымен, әлкисса...

– Әлихан аға, қазақтың нар тұлғалы батыр ұлымен ағайындық сыйластық, айнымас достықтыңызға да 35 жылға жуықтап қалған екен. Аға достығыңыздың 80 жас мерейтойы құтты болсын! Токтар ағамен қашан, қалай таныстыңыздар?

– Рахмет! Ең әуелі, әңгімемізді Сіздердің «Орталық Қазақстан» газеттеріңізден бастайын. «Орталық Қазақстан» газеті – менің әліппем. 4-5 жасымда әріп танып, басын қосып оқыған сөзім өзін басқарып отырған «Орталық Қазақстан» газетінің атауы болатын. Әкей марқұм «Орталық Қазақстан» мен «Известия» газетін үзбей жаздырып алатын. Сол екі газеттің атауын ежіктеп оқып, хат таныдым.

Бүгін мерейлі 80 жасқа толып отырған Токтар ағамыздың ғарышқа самғау сәтінен бастап, бүгінгі мерейлі сәтіне дейін әр қадамын қалт жібермей, ормандай оқырманға қазақ батырының данқын дәріптеп, абыройын асқақтатып келе жатқан бірден-бір басылым осы «Орталық Қазақстан» газеті болды. Кейбір жылдары Тоқанның саяси ұстанымына байланысты оның көлеңкесінен қорқып, еліміздің барлық бұқаралық ақпарат құралдары жұмған аузын ашпай қалғанда да, батырға құрмет көрсетудің шынайы үлгісін танытқан Батыл басылым «Орталық Қазақстан» болғанын да жақсы білемін. Сол үшін Сіздерге рахмет айтамын.

Ал, Токтар ағамен алғашқы таныстығым туралы айтатын болсам, 1992 жылы Ағыбай батырдың 190 жылдық мерейтойында, Айыртаудың бөктерінде танысқан едім. Мына сәйкестікті қараңыз... Батырмен батырдың тойында таныстым. Ал, дәл қазір екеуміз Токтар аға туралы әңгіме өрбітіп отырған біздің ғимарат Ағыбай батыр көшесінің бойында, Кенесары хан ескерткішінің жанында орналасқан. Мұны рух сабақтастығын паш еткен тылсым күштің күдіреті десе де болатын шығар...

Мен ол кезде бұрынғы Жезқазған облысы әкімінің орынбасары болатынмын. Ағыбай батырдың тойы өткен сол кездегі Ақадыр ауданы Жезқазған облысына қарайды. Мен тойды ұйымдастыру алқасының төрағасы болдым да, батыр тойына келген мәртебелі меймандарды қарсы алып, шығарып салуға тікелей жауапты болдым.

Тоқаң тойға тікұшақпен ұшып келді. Алғаш көруім. Тікұшақтан еңгезердей батыр түсіп келе жатты. Бес қаруын асынбаған демесеңіз, түр-тұлғасы келісті, жауырыны қақпақтай, жудырығы тоқпақтай, нағыз нар тұлғалы батырмен бетпе-бет келгендей әсерде болдым. Кешегі Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбай, Наурызбай бабаларымыз осындай болған шығар деген ойда болдым. Токтар ағаның бітім-болмысына қарап: «Қазақтың нағыз батыры екен!» деп сүйсінгенім әлі есімде.

Бұрнағы жылдары Америкаға жасаған сапарымда Вашингтон қаласындағы Ұлттық авиация және

космонавтика музейінде болдым. Сол музейде орналасқан алғашқы ғарыш кемелерінің түпнұсқасын көріп: «Мына ғарыш кемесіне біздің Тоқаң қалай сыйды екен?» деген ойға келдім.

...Токтар ағамызбен алғаш танысқандағы әсерім осындай болған.

“ Аз уақытта аңызға айналған адамның кеудесіне нан пісіп, тәкәппарлықтың тұғырына бекініп алатын әдеті ғой. Бұл – жай ғана әдет емес, ұшыққан кесел. Алғашында Тоқаң туралы сондай ойымның болғаны да жасырын емес. Бірақ, бір көріп, саулық сұрсақан қас-қағым сәтте мен Батырдың қарапайымдылығына тәнті болдым.

Ол кезде Тоқанның ғарышқа ұшып, Алаштың арман-мұрат, аманатын жеті қат көкке жеткізіп, боландықтың бұғауын үзіп келгеніне жыл айнала қоймаған. Елдің құрметі, өзінің атақ-даңқы аспандап тұр. Аз уақытта аңызға айналған адамның кеудесіне нан пісіп, тәкәппарлықтың тұғырына бекініп алатын әдеті ғой. Бұл – жай ғана әдет емес, ұшыққан кесел. Алғашында Тоқаң туралы сондай ойымның болғаны да жасырын емес. Бірақ, бір көріп, саулық сұрсақан қас-қағым сәтте мен Батырдың қарапайымдылығына тәнті болдым.

Міне, содан бері Токтар ағамен арадағы ағайындық сыйластығымызға 35 жылға айналып барады. Әр жылдары әріптес те болдық. Талай рет сапарлас та болып жүрміз.

– **Бәрекелді! Осы ұзақ жылғы берік достықтарыңыздың дәнекері не деп ойлайсыз?**

– Арамыздағы мүдделес сыйластыққа негіз болған факторларды бірнеше бағытта қарастыруға болады. Біріншіден, бір-бірімізге деген құрметті атар едім.

Кез келген батырдың тұлғалық қыры тек бойынның биіктігімен, білегінің жуандығымен ғана емес, жүрегінің тазалығымен, намысының қуатымен анықталады ғой. Әр адамның кісілік қелбетін кемелдендіретін қандай ізгі қасиеттер бар, соның барлығы Тоқанның бойынан табылады. Сол қасиеттері үшін құрметтедім!

Одан кейін, Тоқаң – кеңестік жүйенің бұратана халықтарға деген ғасырлар бойы қалыптасқан көгіл піғыл, қиғаш көзқарасының үлгі көкке ұшырған тарихи тұлға! Ғарышты игеру, ғарышқа ұшу – адамзат баласының ежелден бергі арманы. Адам баласы ғарышқа ең әуелі арман-қиялымен самғады. Аңыз-ертегі, көне мифтерде көркем қиялымен ғана көзжіектен көтеріліп көрген адамзат тарихындағы сол арман XX ғасырда ғана ақиқатқа айналды. Яғни, 1961 жылы 12 сәуірде ғарышқа адам баласы қанат қақты. Юрий Гагариннің ғарыш кемесімен көкке көтеріліп, ашық орбитаға шығуы қаншалықты ғаламат жаңалық болса, дәл сол күні қазақ даласының да даңқы аспандаған. Өйткені, әлем назары қазақ даласына – біздің Байқоңырға ауды. Алайда, одан кейін 30 жыл бойы сол «Байқоңыр» ғарыш айлағынан көкке самғайтын бір қазақ ғарыш-



біреуіміз.

Біздің Тоқаң – ғарышқа біз секілді миллиондаған ер баланың орындалмаған арманын алып ұшқан, асқақ армандардың символындай болған тұлға. Сол үшін де құрметім бөлек!

– Сонда Токтар Әубәкіровті дәуірлер тоғысында халықтың арманын аялап, сеніміне серпіп берген тұлға ретінде бағалайсыз ғой...

– Әрине, Тоқаң қазақ тарихында Жер-Ананы ғарыштан көрген тұңғыш қазақ болып қалады. Тұңғыш ғарышкеріміздің самғау сәті қазақ халқы үшін алмағайып дәуірмен дәп келді. Одақ ыдырап жатыр. Алдымыз – тұмаң, ертеңіміз – күмән. Сол кезеңде Токтар Онғарбайұлының ғарыш сапары біздің бойымызда жаңа сенімнің қалыптасуына ерекше әсер етті.

Тоқаң ғарыш сапарынан оралғаннан кейін аз уақытта Қазақстан Тәуелсіздігін жариялады. Жақсы ырымға баладық. Ерекше рухандық. Ғасырлар бойы арманымыз болған Азаттық рухын бізге Тоқаң алып келгендей әсерге бөлендік. Мұның барлығы орындалған арманның нышаны еді. Біз сол жылдары «Тәуелсіздік романтикасы», «Демократия романтикасы», «Нарықтық экономика романтикасы» деп аталатын үш түрлі романтикамен өмір сүрдік қой. Ертеңге деген жігерімізді оятып, сенімімізді серпілткен сол үш романтиканың қуат көзі де, бастауы да Тоқанның ғарыш сапары деп бағалаймын өз басым. Токтар Әубәкіров ашық орбитаға шыққан

“ Кеңес Одағының билігі Тоқанды ғарышқа қазақты мүсіркегеннен ұшырған жоқ. Иә, сол кездегі Президентіміз бен Одақ билігі арасында келісім болған шығар. Бірақ, Токтар Әубәкіров қазақ халқының талай жылғы арманының символындай болып, ғарышқа самғауға барынша дайын болғанын неге айтпаймыз?

“ птаймыз? Оның сынақшы-ұшқыш ретіндегі талай ерліктері, жылдамдығы дыбыстан шапшаң реактивті әскери ұшақты кемеге қондырып, қайта көтерілгені Одақтың қорғаныс саласын әлдеқашан мойында-тып тастаған. Осы тұрғыдан алғанда, Тоқаң – қазақтың ұзақ жылғы арманын ақиқатқа айналдырған алтын қанатты қыраны!

Сол ерліктері үшін құрметтеп келемін!

Ал, ғарышқа перзенті ұшқан ұлт жаңа деңгейге көтерілгендей болады. Гагариннің ғарышқа жасаған сапарынан кейін әрбір ер баланың жүрегінде «Ғарышкер боламын» деген арман бұр жарғаны белгілі. Мен де, сіз де – солардың

ры ол кісі Қорғаныс министрінің орынбасары лауазымында қазмет істеді. Кейін саясатта да жолымыз түйісті.

Сонымен қатар, Токтар аға – тек тұлғасымен ғана емес, бүкіл жаратылысымен, көркем мінез, кемел болмысымен батыр. Мен қайсыбір жылдары саяси додаға түскенде, Ресейдің бір телеарнасы мен туралы хабар жасады. Сценарий бойынша мен атқа мініп, ат үстінен сұхбат беруім керек екен. Жасыратыны жоқ, замана талабы мен өзімнің азаматтық ұстанымыма сай оқшау «мінез» танытып, билікке жақпай жүрген кезім. Астана төңірегінен әрі кетсе бір сағатқа міне тұратын ат таппадық. Ат бар. Бірақ, ешкім бергісі келмейді. Амалым таусылып, Токтар ағама қоңырау шалдым. Ол кісінің қала маңында ат қорасы болатыны есіме түсіп кетті. Ешкімге жалтақтамай-ақ, бірден келісті.

– Әңгіме ауаны ақыры саясатқа ойысты ғой, ұрымтал сұрақтың реті келіп тұр, Аға... Токтар Әубәкіровтің бір кездердегі саяси ұстанымын қолдадыңыз ба?

– Қолдадым. Өйткені, ол жерде ұлт мүддесі тұрды. Тоқаң ешқашан қазаққа, жүйеге, Тәуелсіздікке қарсы шыққан жоқ. Ол халықтың үстінен қара басының несібесін айырыған жекелеген саяси тұлғаларға қарсылық білдіремін деп, ресми билікке жақпай қалды. Ұлттық мүддеге қалқан болған батырдың ұстанымын неге қолдамасқа?!

– Дегенмен, Токтар ағаның ел алдындағы абырой-беделін, халықтың Батырға деген ықыласын пайдаланғысы келген саяси топтар болды ма?

– Болған да шығар, болмаған да шығар. Егер, тарихи тұлғаның абырой-беделін пайдаланып, саяси ұпай жинамақ болған арандатушы

“ Токтар ағамыздың ұлттық құндылықтарға деген шексіз құрметінен оның қазаққа деген махаббатын аңғаруға болады. Елде туып, елде оқыған, туған жерде қызмет етіп жүрген кейбір замандастарымыздың ана тілінде сөйлей алмауы – өкінішті, әрине. Солар Токтар ағамыздың ұлтқа деген құрметі мен махаббатынан үлгі алса екен деймін.

топтар болса, олардың әрекеті батырға қиянат, келер ұрпақ алдындағы кешірілмес күнә болар еді.

Мен мынадай бір оқиғаны айтқым келеді. 2004 жылғы сайлау додасы шиеленіскен жағдайда өткені естеріңізде болар. Мен – «Ақжол» демократиялық партиясының төрағасымын әрі партиялық тізімнің басында тұрған үміткермін. Үгіт-насихат жұмыстарымен Қызылорда облысына бардық. Біздің партиядан жеке мандатты округ бойынша үміткеріміз белгілі қаламгер Нұртөре Жүсіп болатын. Тоқаң сол округтен додаға түсіп жатыр. Яғни, Нұртөренің бәсеке-лесі. Сол сапарда мен облыстық телеарнаға Тоқаңмен келісіп сұхбат бердім және тікелей эфирде өзімнің Токтар Әубәкіровті қолдайтынымды айтып, қызылордалықтарды да Тоқанды қолдауға шақырдым. Менің партиялық саясат жөніндегі ұстанымымы Батырға деген құрметім жеңіп кетті. Сол жолы мен Тоқанды «Ақжолға» шақырмай-ақ, партиямыздың Тоқанды қолдайтынын эфир арқылы жеткізгенім үшін өзіме әлі күнге дейін риза боламын.

– Тамаша! Қазақта «Батыр – аңғал» деген сөз бар? Токтар ағаның осал тұсы неде?

– Бұл сұрақтың жауабын өзіңіз беріп қойдыңыз ғой (күлді, ред.). Аңғалдығы. Тұрпаты да, мінезі де батыр бола тұра, Тоқанның жүрегі жұмсақ, нәзіктігі және бар. Мүмкін, ол да осалдығы болар. Бірақ, кәсіби тұрғыдан да, адамгершілік тұрғысынан да, елін елжірей сүйген жүрегінен де титтей осалдық көрмеппін.

Ал, Тоқаңа ғана емес, барша адам баласына атақ та, даңқ та сынақ ретінде беріледі ғой. Сол

атақ пен даңқты, елдің шексіз құрметі мен ыстық ықыласын көтеріп, алып жүру үшін батырға да, ақынға да қарапайымдылық керек деп ойлаймын. Менің өмірлік формулам бойынша, адамның ішкі мәдениеті өзінің атақ-даңқынан, лауазымынан биік болса, ол адам арзан атақ, даңғаза даңқпен келетін сынақтан сүрінбей өтеді. Өзінің ел алдындағы, тарих алдындағы рөлі сонша жоғары бола тұра, ішкі мәдениетін ірітпей, қарапайымдылығын сақтап қалған бір адам болса, ол – Токтар Әубәкіров. Сол қасиеті үшін құрметтеймін!

– Туған жерден 40 жыл жырақта жүрген Батырдың өте қысқа мерзімде ұлттық құндылықтарды бойына қайта сіңіріп алуы – оның әскери саладағы ерліктерінен әлдеқайда жоғары ерлік екені белгілі. Токтар ағаның өскелең ұрпаққа үлгі етуге боларлық тағы қандай асыл қасиеттерін атар едіңіз?

– Иә, Токтар ағамыздың ұлттық құндылықтарға деген шексіз құрметінен оның қазаққа деген махаббатын аңғаруға болады. Елде туып, елде оқыған, туған жерде қызмет етіп жүрген кейбір замандастарымыздың ана тілінде сөйлей алмауы – өкінішті, әрине. Солар Токтар ағамыздың ұлтқа деген құрметі мен махаббатынан үлгі алса екен деймін.

Әлгінде айтып өттім ғой, Тоқанның тәкәппарлыққа жол бермеген ішкі мәдениеті, қарапайымдылығы, білімділігі, кәсібилігі, табандылығы, намысы, бәрі-бәрі – ұлт батырының ұстынын бейнелеп тұрған боямасыз болмыс. Батырдың осы тұлғалық болмысы ұлт ұландарының бойында келешекке деген сенімді нығайтуға қызмет ете беретін болады.

– Рахмет, Әлихан аға! Ал, бүгінгі қоғам тұңғыш ғарыш-

керімізге лайықты құрмет көрсетіп отыр ма?

– Әрине, Алаш жұрты Батырын алақпандан түсірген жоқ. Жасыратын несі бар, ресми билік ағамызға қырын қараған кезде де Тоқаң халықтың ықылас-құрметінен шет қалған жоқ. Жалпы, Токтар Әубәкіров – тұңғыш ғарышкер ғана емес, көзінің тірісінде атына ауыл, мектеп, көше атауы берілген тұңғыш қазақ. Ол – бұл құрметке барынша лайықты!

Биылғы 80 жас мерейтойы да туған жері Қарағанды, Қарқаралы өңірінде ғана емес, ел аумағында кең көлемде аталып жатыр. Иә, бүгінгі күні белгілі тұлғалардың мерейтойын ұйымдастыру форматы да өзгеріп жатыр ғой. Өзгермегені – Батырға деген ел құрметі.

Астанада ардагерлер спорт клубы бар. Басшысы – генерал Абай Тасболатов. Сол кісі өңірлерге сапары кезінде үнемі үстел теннисі мен волейболдан турнир өткізуді дәстүрге айналдырған. Жақында Абай облысының Ұржар ауданына барып, сол дәстүрлі турнирімізді өткізіп қалтырдық. Биыл турнир бағдарламасына ұлттық тоғызқұмалақ ойынын қосып, Токтар Әубәкіров атында жұлде тағайындалдық. Міне, азда да болса, Батыр мерейтойына қосқан біздің үлесіміз осы болды.

Қазақтың бағына туып, ұлттың абыройын асқақтатқан тарихи тұлғаның мерейтойы құтты, ғұмыры ұзақ болсын!

– **Айтқаныңыз келсін! Сырға толы риясыз сұхбатыңыз үшін рахмет!**

Сұхбаттасқан Еркін МҰСАБЕК

Сурет кейінкердің жесеке мұрағатынан

• ҰҚЫЛАС

Ғарышқа ғашық бір ғұмыр

Бала кезімізде «Батырлар жыры» көп тындап, оқып өстік. Таңқалдық, тамсандық. Патриоттық тәрбиенің негізі – осы «Батырлар жырында» тұрған сияқты. Бұрын солай болған. Қазір бәрі технологияға ауысып кетті ғой... Дегенмен, сол «Батырлар жырының» бүгінгі бір кейіпкері – Токтар Әубәкіров ағамыз екен.

Сынақшы-ұшқыш кезіндегі мына бір мәліметтерге көз салсақ, Токтар Әубәкіровке Кеңес Одағының Батыры атағы 1988 жылы 31 қазан күні берілгенін сол кездегі КСРО-ның бас газеті «Правда» жазған. Онда Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Төрағасының Жарлығында жаңа авиация техникасын сынау кезіндегі ерлігі мен қаһармандығы үшін Батыр атағы (№11585 Алтын медалі) және Ленин ордені берілгені жарияланған.

Журналист Талғат Сүйінбайдың мақаласында: «...Ол тұсауын кесіп өмірге қанат қақтырған 50-ден астам әскери «МИГ» ұшағының әр түрі бүгінде Ресей мен Қазақстаннан тыс, дүние жүзінің әр бұрышында, әуе мемлекеттерінің әуе күзетінде жүр.

Токтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтің есімі әлемнің ең таңдаулы он сынақшы-ұшқышының тізімінде алтын әріппен үшінші қатарға жазылған.

1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде жауынгерлік ұшаққа екі мәрте жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске тоқтаусыз ұшып барып-қайтқан. 1989 жылы алғашқы болып авиата-сұшы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29к» реактивті ұшақты, ұшу жолының қашықтығы кемі 600 метр аумақты талап ететін 22,5 тонналық ұшқыр ұшақты кеме палубасынан не бары 100 метрден аспанға көтеріп, үлкен шеберлікпен қайтадан дәл қондырған. Сол үшін де Гиннестің рекордтар кітабына кірген. Сынақ барысында бірде-бір «катапульта» жасамаған сынақшы-ұшқыш. Отқа оранған ұшақтардың өзін жерге аман-есен қондырған», – десе, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдинов: «Мынау деген кез келген ғарышкер-ұшқышының сынақшы-ұшқыш бола алмайды... Сынақшы мен ұшқыштың ара-жігін ажыратып алу керек. Мәселе – олардың қызметінің сынақшылық құпиялылығында да емес, бар мәселе олардың жүрегінде. Ең алдымен, жүрек керек, жүрек!» – деп

Токтар інісінің ерлігіне ризалығын білдіреді.

Қаламгер-журналист Мағауия Сембайдың мақаласында: «...Тәжік-ауған шекарасындағы бізге беймәлім бір шаруаға Тоқаң барады. Тікұшақпен сапарлаған. Ауғаны бар, тәжігі бар, содыры, сойқаны бар – эфирге «Аспанда Токтар Әубәкіров ұшып жүр, атыс-шабысты доғарындар» деген бұйрық жіберілті. Токтар ағамызды тәу еткен ғой. Тоқаң елге оралғанша мамыражай бейбіт заман орнапты сол жерде. Сол елдің патшасы Тоқаң таң қалыпты...» деген дерек бар.

Токтар ағамыздың табиғи болмысы, бар ғұмыры «жылдамдық» дейтін ұғыммен тығыз байланысты едік. Енді батыр ағамыздың Көк жүзіндегі екінші «жылдамдығы» жайында сөз етейік.

Жалпы, «ғарыш» деген сөздің түпкі мағынасының бірі – жылдамдық. Ал, сол секундтардың синонимі болатын ғажайып ғарышты игерген адамды ғарышкер дейміз.

Токтар Әубәкіровтің тағы бір тамаша қыры – ғарышкерлігі. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынған. Бұл жөнінде журналист Нұртөре Жүсіп: «...Токтардың ғарышқа ұшу кезеңі қазақтың Азаттық туралы арманының орындалуға бет бұрған уақытпен тұспа-тұс келді. Елбасамыздың күш салуымен 1991 жылғы 21 қаңтарда Токтар Әубәкіровтің кандидатурасы жедел түрде бекітіліп, бас-аяғы төрт айдың ішінде бүткіл дайындықтан сүрінбей өтіп, 1991 жылдың 2-10 қазаны аралығында қазақстандық бағдарлама бойынша ғарышқа жол тартты. 7 тәулік, 22 сағат, 12 минут, 40 секунд ғарыш кеңістігінде болған Токтар Әубәкіров тұңғыш қазақ ғарышкері атанды», – депті. Бұған қоса, Ресейдің ғарышкер-ұшқышы, Кеңес Одағының екі дүркін Батыры, ашық ғарышқа шыққан алғашқы адам Алексей Леонов: «Небары 6 айдың ішінде орасан жаттығу бағдарламаларын аса үздік бағаға тапсырып, ғарышқа шығу – кеңістік ғарыш саласында бұрын-соңды болмаған оқиға. Қазақ сынақшы-ұшқышы Токтар Әубәкіров ғарыш тарихында осынысымен есте қалды. Бір ғажабы, жаттығу кезінде, кейінгі мемлекеттік сынақ кезінде де, оның атына бір ескерту, болмаса сын айтылмады. Айналып келгенде, мұның бәрі де қазақ батырының бойына туа біткен дарындылығы және еңбекқорлығы ғой деп ойлаймын», – деп жоғары бағалаған. Өзге ұлт өкілінің осынау жүрекжарды ыстық лебізі, құнды пікірі

де біздің батырдың тұлғалық образын толықтыра түсетіндей.

Журналист Еркін Мұсабектің бір сұхбатында: « – Әскери ұшақпен күнде ұшып жүрген сынақшы емеспіз бе?! Ғарышқа сапарыма дейін 30 жыл ұшқыш болдым, оның ішінде 17 жыл сынақшы-ұшқыш болған мамамын ғой. Маған тек «Союз ТМ – 13» ғарыш кемесінің құрылымымен және орбитаға шығу тәртібімен танысу ғана керек болды. Сондай-ақ, мен атақ үшін емес, қазақ үшін, халқымның арманын орындау үшін ұшуға бел байладым», – дейтін батыр лебізін келтіреді. Және де ғарышқа ұшудағы басты мақсат: «...Бізде кешенді бағдарлама болатын. Жүйелі түрде жасалған маңызды жобала биотехнология, металлургия, медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп салалары бойынша ғарыштық зерттеулер жүргізуді, Арал теңізінің проблемасына қатысты мәселелер қамтылды. Мен – қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер ғана емес, Арал проблема-сын шешу жолдарын анықтауға түрлен салған тұңғыш қазақпын. Сол сапарда Арал теңізі тұзының таралу аумағы анықталды... Бұл менің туған елге жасаған жақсылығым мен тигізген пайданың бір парасы еді», – делініпті.

Сөз соңында батыр ағамыздың «Жастар, Намыс және Бакыт» дейтін үш ұғымға тоқталған түйінді ойларымен тәмамдағанды жөн көрдік.

Намыс жайлы бір сөзінде: «Маған Ресей: «Қиыр Шығыстың ең мықты ұшқышы!» деген баға берген. Мұның түбінде қазақтың намысы жатты. Өйткені, осы салада менен басқа сол кезде, сол аймақта бірде-бір қарақөз болған жоқ. Ол – қазақтың намысы. Біз де, қазақтар, жұмыс істей аламыз. Техниканы игере аламыз. Жасаған жұмысымыз, істеген ісіміз ешкімнен, еш ұлттан кем болмайды! – деген намыс болды менде» – деп батыл айтыпты.

Бакыт туралы Токтар ағаның тоқтамы: «Мен халқымды жан-тәніммен жақсы көремін. Елдің құрметін жақсы сезінемін. Қазір солардың, яғни өзім туған, өзім өскен, өзім осы жерден ғарышқа барып-қайтқан дала құшағында жүрмін. Ен-



деше, бұдан артық бақыттың керегі не?!» – дейді.

Дәл солай, мынау жап-жарық дүниенің баянды бакыты бұйырған батыр ағамызға мықты денсаулық, отбасына амаңдық-саулық, ұзақ ғұмыр тілейік!

Балаларыңыздың, ұрпақтарыңыздың қызық-қуаныштарына көп кенеліп,

халқымыздың мақтанышы, тау тұлғасы болып жүре беріңіз, Батыр Аға!!!

Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ

Суреттер «*Ortalyq Qazaqstan*» газеті редакциясының мұрағатынан

• ПЕЙІЛ

Тоқаң туралы толғау

Танымал тұлғалардың тұзы жеңіл болатыны белгілі. Ел ішінде олар туралы сөз көп. Ақыл-парасатына, ерлігіне ешкім күмән келтірмейтіндерге қатысты аңыздар тараса, ісі күмәнді, іс-әрекеті күлкі тудыратын екінші тобы жайлы анекдоттар айтылады. Айталық, Жиренше шешен, Асан Қайғы, Әлихан Бөкейхан, Бауыржан Момышұлы туралы ауызды ашып, көзді жұмып тындайтын аңыздар көп.

Адамзат баласының ғарыш кеңістігіне сапар шеккеніне 65 жылдан астам уақыт өтіпті. Осы мерзімде аспан әлемін жарты мыңнан астам жер тұрғыны шарлап, өз елдерінің мүддесі үшін түрлі ғылыми зерттеулер жасағаны және олардың көбі қорғаныс саласына байланысты жүргізілгені белгілі. Ғарышқа жолы түскендер арасында қазіргі таңда ұш-ақ қазақ азаматы бар. Алғашқысы – Токтар Әубәкіров.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

АҚШ-тың 40-шы Президенті Рональд Рейган «зұлымдық империясы» деп атау берген Кеңестер Одағында «мемлекетті индустрияландыру», «халық жауларын әшкерелеу», «елдің қорғаныс қабілетін нығайту», «тың және тыңайған жерлерді игеру», т.б. сылтаулармен салауатты адамның санасына сыймайтын толып жатқан оқиғалар орын алғаны белгілі. Адамдарға тигізетін игілігінен гөрі сяси мақсаты басым бұл науқандардың барлығы дерлік қазақ жерінде және жергілікті ұлттың мүддесіне қайшы жүргізілді. 1961 жылы басталған «ғарышты бағындыру» бастамасы соның бірі еді. Семей ядролық сынақ полигонымен қатар, Байқоңыр ғарыш айлағы қазақ жеріне радиация уын шашып ондаған жылдар жұмыс істеп жатты. Олардың тұрғындарға тигізетін зардабы туралы ақпарат таратылмады. Жобаларға қазақтардың қатысуына тыйым салынды. Яғни, бұл істерде метрополияның отар халықтарға жасайтын өктемдігі мен қысымы айқын көрінді. Қазақ жерімізден ұшырылып жатқан ғарыш кемесі экипаждарының құрамына ең болмаса жергілікті азаматтардың бірі қосылысын деген республика өтінішін орталық құлағына да қыстырмады. Сөйтіп, КСРО салтанат құрып тұрғанда білімі мен біліктілігі, ақыл-парасаты, кәсіби даярлығы жеткілікті әскери ұшқыш Мұхтар Алтынбаев «денсаулығы жарамсыз» деген сылтаумен ғарышкерлер қатарына қабылданбайды. Кейін генерал шенін иеленіп, Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі лауазымында қызмет атқарған қоғам қайраткерінің мәртебесі одан кеміген жоқ. Тек қазақ баласының жұлдызды сәті бірнеше жылға кейінге шегерілді.



1991 жылғы 2 қазан – Токтар Әубәкіров ғарышқа көтерілген сәт. Мәскеу бұл жолы қазақ азаматының «денсаулығы жарамсыз» деп сылтау айта алмады. Токтар Әубәкіров КСРО-дағы саусақпен санарлық сынақшы-ұшқыштың бірі болатын. Оның үстіне, уақыт басқа еді: Одақ құрамындағы біраз республика дербестігін жариялап, Тәуелсіздік Қазақстанның да есігін қағып тұрған.

Иә, Тоқаң өзін Жер планетасының перзенті санайды. «Адамзаттың бәрін сүй бауырымыз» деген Абай өсиетіне адал тұрақ жарық жалғанның игілігі баршаға ортақ болғанын қалайды. Бірақ, мұхиттар мен құрлықтарға, ендіктер мен бойлықтарға, мемлекеттерге, діни сенімдер мен ұлттық мүдделерге, т.б. бөлініп жатқан жерде ортақ мақсат, ой-пікір болуы мүмкін емес.

Отан алдындағы қызметін әскери әуе күштерінің элитасында бастап, ұлт мүддесі үшін ғарышқа самғап, азаматтық темір жолда түйіндеген Тоқаңның мерейтойы қарсаңында сөзді оған мықты денсаулық, бакытты болашақ тілеген кезекші пікірмен түйіндеу олқы сияқты. Сондықтан, тілеусор інісі ретінде өзім де осынау ұлы тұлғаға өмір сыйлаған асыл топырақтың бір шөкімі, саф ауаның бір жұтымы, мөлдір суың бір тамышы болғанымыз мақтаныш ететінімді жеткізім келеді.

Сурет «*Ortalyq Qazaqstan*» газеті редакциясының мұрағатынан

Қасиет дарыған қазақ қыраны

(Соңы. Басы 1-бетте).

Тәуелсіздік табалдырығында тұрған жұрт өзінің де әлемдік өркениеттің ең биік белесіне көтеріле алатынына сенді.

Темірдің тілін тапқан тарлан

Ерлік табан астынан тумайды. Ол – жылдар бойы жиналған еңбек пен төзімнің, талмай іздену мен темірдей тәртіптің жемісі. Әкесі қара темірден түйін түйген қазақтың ұстасы болса, баласы көк жүзіндегі құрыш техниканың тілін тапқан сұңғыла ұшқыш атанды. Әкеден қалған қайсарлық оның бойына дарып, балалық арманын биік мақсатқа айналдырды.

Сынақшы-ұшқыштың әр сапары – өмір мен өлімнің арасындағы қылкөпір ме дерсің... Жаңа ұшақты тұңғыш рет аспанға көтеру, әлі толық танылмаған темір тұлпардың мінезін сынау – өз тағдырыңды белгісіздікке тапсырумен паралап. Мұндай сәтте бір ғана есептің немесе техникалық нұсқаулықтың өзі жеткіліксіз. Мұнда мұздай сабыр, қапысыз түйсік, қыранның қырағылығы қажет. Токтардың даралығы да – осында.

Биіктіктің өлшемі – кішілік

Адамды аспанға атақ көтеріуі мүмкін. Ал, сол биікте адам болып қалу – екінші бірінің қолынан келе бермейді. Токтар Әубәкіров әлем мойындаған даңқына қарамастан, қарапайым қалпынан айныған емес. Халық арасына барғанда өзін биік ұстамай, қайта елдің алдында кішірейсе білді.

Токсаныншы жылдардың толқымалы тұсында жер-су атауларын қайта жаңғырып, ел тарихи жады тұңғендей бастаған тұста туған өлкедегі ауылға Токтар Әубәкіровтің есімін беру жөнінде ұсыныс айтылды.

Даңқы дүркіреп тұрған шақ. Ға-



рыштан оралған батырға көрсетілер құрметтің қай түрі де жарасатындай. Алайда, Токтар ағамыз бұл ұсынысты қабылдамай:

– Бұл ауылға менен гөрі соғыс ардагері, Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраевтың есімі лайық, – деп, өзінен жолы үлкен ағасына құрмет көрсетуді ұсынады.

Өз есімін алға шығармай, өзгенің ерлігін ұлықтай білу үшін де үлкен жүрек керек. Міне, нағыз биіктік! Міне, нағыз кішілік!

Өзіне тиесілі құрметті елдің тағы бір батырына бұра білу – даңқан да жоғары адамдық қасиет. Аспанды бағындырған адамның өз нәпсісін де бағындыра алғаны осыдан көрінеді. Осыдан-ақ, Токтар Әубәкіров бір рудың, бір ауылдың немесе бір өлкенің шеңберіне сыймайтын тұлға екенін аңғарамыз. Ол – қарға тамырлы қазақтың, күллі түркі жұртының ортақ мақтанышы. Оның ғарышқа ұшуы – бір адамның сапары болса, жерге оралғаннан кейінгі өмірі – тұтас елге қызмет етудің өнегесі.

Халық махаббаты – ең ұлы марапат

«Ер ел үшін туады, ел үшін өледі». Әйткенмен, елдің ері атану

– бір күндік ерлікпен өлшенбейді. Абырой биігіне көтерілу қаншалықты қиын болса, сол биіктен аласармай өту одан да ауыр. Даңқтың жүгі бар. Атақтың сұрауы бар. Халық сенімінің салмағы бар.

Сондықтан да, талағай тұлғаға берілген ең үлкен сый – орден немесе манас емес. Ең үлкен сый – елдің риясыз ықыласы. Ең биік атақ – халықтың «Біздің Токтарымыз!» деп мақтанышпен айтуы. Ең берік ескерткіш – ұрпақ жадында жаңғырып тұратын ерлік өнегесі.

Ол аспанға көтерілгенде Алаштың атын алып шықты. Жерге оралғанда елінің жүгін арқалады. Жұлдыздарға жеткенде туған жерін ұмытпады. Өлемге танылғанда халқынан биік тұрмады. Оның тұғырлы биігі – ғарышта. Терең тамыры – туған Далада. Ал, мәңгілік мекені – халқының жүрегінде.

Токтардай тұлғасы бар елдің рухы ешқашан аласармақ емес!

Аспанмен сырласқан, Алашпен мұңдасқан Тарлан Токтардың, талағай тұлғаның мерейлі жасы құтты болсын! Қазақтың қыраны әрдайым биікте қалықтай берсін!

Суреттер «*Ortalyq Qazaqstan*» газеті редакциясының мұрағатынан

Мергендік дәстүрдің мерейлі мектебі

Қарағанды облысында соңғы жылдары жамбы ату секілді бірегей ұлттық спорт түріне қызығушылық айтарлықтай артып келеді. Әсіресе жастар арасында бұл спорттың танымалдығы жоғары. Бүгінде жас спортшылар қыс мезгілінде Қарағанды қаласындағы «Қайрат» балалар мен жасөспірімдер Ұлттық ат спорты мектебінің базасында дайындалып жүр. Ал, жер аяғы кеңіген шақта жаттығулар «Қайраттың» атшабар алаңында жалғасады екен. Алайда, жазғы маусымда жаттығу өткізетін инфрақұрылым мәселесі бүгінде күн тәртібінен түспей тұр.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір спортшылары биылғы маусымда да жоғары нәтижелерімен көзге түсті. Мамыр айында Жаңаөзен қаласында өткен ересектер арасындағы ел чемпионатында облыс құрамасы командалық есепте қола жүлдені жеңіп алды. Ал, команда мүшесі Шұғыла Дәурен жамбы атудан чемпион атанып, алтын медаль иеленді. Енді қазан айында өтетін жастар мен жасөспірімдер арасындағы ел чемпионатында өңір намысын осы құраманың жас спортшылары қорғайды.

2014 жылы Ұлттық спорт федерациясының бастамасымен Жамбыл облысының Мерке ауданында еліміздің әр өңірінен екі спортшы шақырылып, жамбы атудың қыр-сырын меңгеруге арналған арнайы оқу-жаттығу курсы ұйымдастырылған. Бұл өңірлерде жамбы ату үйірмелерін ашып, ұмыт бола бастаған ұлттық спорт түрін жаңғырту мақсатында қолға алынған бастама болатын. Осы курсты тәмамдап, біліктілігін арттырған мамандардың қатарында «Қайрат» балалар мен жасөспірімдер Ұлттық ат спорты мектебінің жаттықтырушысы Талғат Омарбаев та бар. Өзі оқуын аяқтағаннан кейін 2016 жылы аталған спорт мектебінде «Жамбы ату» үйірмесін ашып, шәкірт тәрбиелей бастады. Бүгінде бұл үйірмеде 70-тен астам жас спортшы тұрақты жаттығып жүр. Әрі республикалық, халықаралық жарыстарға қатысып, өңір намысын қорғауда. Ал, 2023 жылы Қарағанды облысының Жамбы ату федерациясы құрылып, ұлттық ойынды дамытуға шындап кірісті.

– Қазір жамбы атуға қызығатын жастардың саны артып келеді. Атка мініп, садақ атуды қалайтындар көп. Оның үстіне, тек ер балалар ғана емес, қыздары-

мыз да бұл спортпен белсенді айналысып, түрлі турнирлерге қатысып жүр. Алайда, негізгі мәселе – арнайы атшабардың жоқтығы. «Қайрат» спорт мектебінің ипподромы қаланың ортасында орналасқан. Бір жағында тұрғын үйлер, екінші жағында жол бар. Оның аумағы да жамбы ату жаттығуларын толыққанды өткізуге қолайсыз. Қазір уақытша «Global City» сауда орталығының артындағы ашық алаңды пайдаланып жүрміз. Ал, қыс мезгілінде спорт

Көпшілік жамбы атуды қауіп жоғары спорт түрі деп қабылдауы мүмкін. Алайда, бүгінде бұл бағыттағы қауіпсіздік талаптары кезең-кезеңімен күшейтіліп, халықаралық стандарттарға сай жетілдіріліп келеді. Жаттығу мен жарыс барысында қолданылатын қауіпсіздік шаралары да жыл сайын жаңартылып, спортшылардың қауіпсіздігіне басымдық беріледі. Осыған қарап-ақ, ұлттық спорттың заман талабына бейімделіп, қарқынды дамып келе жатқанын аңғаруға болады.

кешенінің ішінде дайындаламыз. Сондықтан, өңірге жабық манеж өте қажет. Спортшылардың жоғары нәтиже көрсетуі үшін олар жыл бойы үздіксіз жаттығуы тиіс. Біздің шәкірттер оқу-жаттығу жиындарына қатысып, шетелдік спортшылармен бірге тәжірибе алмасып жүр. Осындай жиындар олардың шеберлігін шыңдап, мол тәжірибе жинауына мүмкіндік беруде, – деді федерацияның жетекшісі Нұрасыл Оралхан.

2016 жылдан бастап аталған спорт түрінің ресми жарыс ережелері біріздендірілген. 2024 жылдан жарыстар Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының талаптарына сәйкестендіріліп, халықаралық ереже бойынша өткізіле бастады.

– Бұған дейін республикалық турнирлер тек «Қазақ» және



Суретер Zhulkass.kz/Meirbek.T

ететін бағыт – «Қазақ» стилі. Мұнда мерген қозғалыстағы, жіпке ілінген жамбыны дәл көздеуі қажет. Нысаналар атшабардан 6, 8 және 10 метр қашықтықта орналасады. Ең жақын жамбы – қола, ортаңғысы – күміс, ал, ең алыстағысы алтын жамбы саналады. Әр нысанаға тиген жебе 5-тен 15 ұпайға дейін бағаланады. Бұл стильдің ерекшелігі – жебе санына шектеу қойылмайды. Спортшыға берілген 12 секунд ішінде қанша рет дәл көздеп үлгерсе, сонша ұпай жинай алады, – деді Талғат Тийштықұлы.

«Венгер» стилінде негізгі нысана атшабардың ортасына орналастырылады. Оның көлемі басқа нысаналарға қарағанда шағындау. Спортшы мәре сызығына дейін шаба отырып, дәл осы нысананы көздеуі тиіс. Бұл стильде жебе санына шектеу қойылмайды. Яғни, әр мерген уақыт аяқталғанша қалғанынша оқ атуға мүмкіндік алады.

«Түрік» стилі орындау жағынан күрделірек. Мұнда көлемі шағын үш дөңгелек нысана әртүрлі қашықтықта және әртүрлі бағытта орналастырылады. Жарыс басталғанда спортшы алдымен өзіне қараған алғашқы нысананы атып. Атшабардың ортасына жеткенде екінші нысананы көздейді. Мәреге таяған сәтте шабысын тоқтатпай, артқа бұрылып үшінші нысананы дәл-



деуі қажет. Бұл стиль мергеннен жоғары дәлдікті, ат үстінде тепе-теңдікті сақтай отырып, жылдам бағдарлай білуді де талап етеді. Әр стиль бойынша жарыстар жеке өткізіледі. Спортшылар әр сайыс түріне бөлек қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер де әр стильдің нәтижесіне қарай жеке анықталады екен.

– Әр турнирде жарысқа қатысушылар арасында «Тайтұяқ» сайысын өткіземіз. Бұл – тек Қазақстанда ғана қолданылатын ерекше дәстүрлі сайыс. Әзірге ресми жарыс ережесіне енгізіліп, жеке стиль ретінде бекітілмеген. Десе де ата-бабадан қалған мұраны ұмытпай, жас ұрпаққа насихаттап келеміз. Сайыстың шарты бойынша атшабардан екі метр қашықтықта төрт метр биіктікке тайдың тұяғын жылқының қылымен іліп қоямыз. Ат үстіндегі мерген шауып өтіп желмен тербеліп тұрған тұяқты емес, оны ұстап тұрған қылды дәл атып үзуі

Оқырман ұлт отбасында қалыптасады



(Соңы. Басы 1-бетте)

Әдісім өз нәтижесін берді. «Кітап оқитын ұлт» жобасында қаржылай жүлдеге ие болдық. Бұл жүлде балаларымыздың кітапқа деген қызығушылығын одан сайын арттырды. Қазір олар тұрақты түрде кітап оқиды, – деді Жәлел Шалқар. Бүгінгі тойларда тойбастарға кітап тарату үрдісі қалыптасып келеді. Мәселен, Бұқар жырау ауданының тұрғыны Ербол Ормалдаев тамыз айында қызын ұзатпақ. Ол тойбастарға қазақ халқының ертегілері мен аңыздары жинақталған кітаптарды таратуға ниетті.

– Жұбайым – музыка мектебінің мұғалімі. Тойбастарға кітап қою идеясын жұбайым айтты. Біз құп-тадық. Қызым да бұған қуанды. Өйткені, бұл да бір ерекшелік. Әлеуметтік желіде тойда кітап тарату трендке айналып келе жатқаны да идеямызды қуаттандырды. Президентіміздің бастамасын ұрпақ тәрбиелеп отырған әке ретінде түйсіндім. Қазір тойға дайындық бары-

сындамыз. Тиімді бағамен көп мөлшерде кітап сатып алатындай кітап дүкендерін аралап жүрміз. Тіпті, әр кітапқа тойдан естелік болсын деп өз қолтаңбамызды қоймақпыз. Меніңше, бұл бастамамыз басқа да той жасайтын әулеттерге үлгі болады. Әрекетіміз теңізге тамған тамшыдай болуы мүмкін. Бірақ, біз тойымыз арқылы елімізге ең керекті дағдыны қалыптастыру жолында қадам жасаймыз, – деді Ербол Ормалдаев.

Ал, қарағандылық Қаршыға Мұздыбаевтың балалары табиғат аясына серуендеуді ұнатады екен. Ол балаларына бір аптада бір кітап оқыса, сенбі немесе жексенбіде табиғат аясына шығуға уәде берген. Мектеп оқитын төрт бала бүгінде аптасына бір кітап оқиды екен.

– Мұхтар Әуезов, Лияс Есенберлин, Асқар Сүлейменов, Сайын Мұратбеков, Бердібек Соқпақбаев, Оралхан Бөкей, Мұхтар Мағауин – сүйіп оқитын авторларым. Балаларға ең әуелі Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасын

оқыттым. Оларға ұнады. Асқан қызығушылықпен оқығанын аңдадым. Алғашында бала қорыға алмайтын күрделі шығарманы оқып қойса, беті қайтып қалуы мүмкін. Әке ретінде осы мәселеге баса мән бердім. Содан кейін Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» ертегісін оқыттым. Қазір балаларым апта сайын жаңа кітап сұрайды. Табиғат аясына шыққанда, оқыған кітаптарының төңірегінде әңгіме өрбітеміз. Мұндай әңгімелер шығарманың бала санасына сіңуіне зор ықпалын тигізеді, – деді Қаршыға Мұздыбаев.

Бүгінде Қарағандының орталық саябағына барсаңыз, тегін кітаптардың сөресін көресіз. Сөреден бір кітап алып, орнына өзіңіз оқыған бір кітапты қойып кетесіз.

Қоғамдық көліктерде де арнайы QR кодтар қойылған. Смартфоныңызды бағыттағандаңыз болды, қазақ халқының шағын көлемдегі классикалық әңгімелері экранға шығады. Әлемдік классика да сол қатарда. Аялдамаңызға жеткенше

кітап оқып барасыз.

Жастар жиі баратын фаст-фуд дәмханалары мен отбасылық мейрамханаларында кітап сөрелері бар. Қыз-келіншектерге арналған сән салондары мен ерлерге арналған шаштараздарда кітаптар қойылған. Бұның барлығы – Президент бастамасының жалпы халықтық сипат алып бара жатқандығының айқын дәлелі.

Еуропа елдерінде кітап оқу мәдениеті ерте жастан бастап, отбасылық дәстүрлер, мемлекеттік қолдау және қоғамдық инфрақұрылым арқылы жүйелі түрде қалыптасады. Оқу үдерісі мәжбүрлеу емес, күнделікті өмір салты ретінде қарастырылады.

Балаларды балабақшадан бастап кітаппен таныстырып, суреті мол әрі жеңіл форматтағы әңгімелер арқылы қызығушылығын оятады. Ата-аналар балалары кітап оқу үшін өздері де күнделікті кітап оқиды. Балаға сөзбен емес, іспен үлгі болу арқылы тәрбиелеу мәселесіне назар аударады. Әр мектепте оқырман клубтары жұмыс істейді. Клубтарда шығармаларды талқылау мен пікірталас ұйымдастырылады.

Баланы да кінәлай алмайсыз. Көзін ашқан заманының кебі осы. Қайда қараса да цифрлық дәуірдің бейнесі. Бірақ, бұл дәуірдің де бала санасының қалыптасуына қаншалықты зиян келтіріп жатқаны айтылып-ақ келеді. Мемлекет тарапынан кітап оқуға жағдай жасалмай жатқан жоқ. Керісінше, косымша есіктерді ашып, жас ұрпақтың кітап оқуына еселеп мүмкіндік беруде.

Қазақ «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейді. Баланың кітап оқып, оның парасаты мен пайымы қалыптасқан азамат, тула болып қалыптасқанын қаласаңыз, әдісін таба біліңіз. Ата-ана теректі баптаған бағбан секілді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ұлттық рухты ұлықтаған жоба



Қарағанды – 2026 жыл

Ұлттық рухты дәріптеп, қазақтың батырлық эпостарын кеңінен насихаттауға бағытталған «Тұлпар мініп, ту алған!» облыстық байқауы басталды. Жоба әскери қызметшілер мен мектеп оқушыларының тарихи-әдеби мұраға қызығушылығын арттырып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуді көздейді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтай отырысында жастарды кітап оқуға баулу мен тарихи мұраны дәріптеудің маңызын ерекше атап өткен болатын. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылып отырған «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауы қазақтың батырлық жырларын кеңінен насихаттап, жастардың рухани дүниесін байытуға және мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған.

Биыл байқау екі бағыт бойынша ұйымдастырылады. Әскери қызметшілер Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасындағы «Бөгенбай батыр» жырын жатқа оқудан бақ сынаса, арнайы мектептердің, балаларды қолдау орталықтарының және жалпы білім беретін мектептердің 6-10-сынып оқушылары Сүлеймен Жанбыршин нұсқасындағы «Алпамыс батыр» жырын мәнерлеп оқиды.

Байқаудың негізгі мақсаты – өскелең ұрпаққа қазақтың рухани қазынасын кеңінен таныту, халық ауыз әдебиеті мен фоль-

клорға қызығушылықты арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, патриоттық тәрбиені күшейту және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту. Дәстүрлі дода екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде әскери қызметшілер бөлімдік іріктеуден өтсе, арнайы мектеп оқушылары қалалық, ал, жалпы білім беретін мектептердің оқушылары аудандық және қалалық кезеңдерде бақ сынайды. Ұздіктер облыстық кезеңге жолдама алады.

Байқау 2026 жылдың маусым-қараша айлары аралығында өтеді. Қатысушылар жырды көркем әрі мәнерлеп орындаумен қатар, шығарманың мазмұны, кейіпкерлері және тілдік ерекшеліктеріне қатысты білімдерін де көрсетеді.

Жеңімпаздар мен оларды дайындаған жетекші ұстаздар ақшалай сыйақылармен және арнайы марапаттармен марапатталады. Байқаудың толық ережесі мен жүлде қоры туралы ақпарат ұйымдастырушылар жариялаған ресми құжатта көрсетілген.





Жағажай күтіміне жауапкершілік керек

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық тұжырымдамасы аясында Балқаш қаласындағы «Ақшағы» жағажайында ауқымды экологиялық акция ұйымдастырылды. Metallurg Fest 2026 фестивалі аяқталғаннан кейін өткен тазалық шарасына 70 ерікті қатысып, демалыс аумағын тұрмыстық қалдықтардан тазартты.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еріктілер жағажайда қалған пластик құтыларды, түрлі қаптамаларды, бір реттік ыдыстарды және өзге де қоқыстарды бірнеше сағат ішінде жинап шығарды. Акция қоғамдық орындардың тазалығы әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты екенін тағы бір мәрте айқын көрсетті. Іс-шара Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының қолдауымен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында және «Таза Қазақстан» республикалық акциясын қолдау мақсатында өткізілді.

Балқаш қаласының еріктісі Дарын Нұрғазының айтуынша, акцияның басты мақсаты – қала тұрғындары мен қонақтарын қоршаған ортаны аялауға, қоғамдық орындарда тазалық сақтауға шақыру.

– Бүгінгі шара арқылы тұрғындарды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үндейміз. Қаламыздың тазалығы – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз. Демалыс орындарында коқыс қалдырмай, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бәріміз үшін маңызды, – деді Дарын Нұрғазы.

БАЛҚАШ

Шағын ауылдың шамшырағы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет пен өнерді ұлттың рухани тірегі ретінде бағалап, мәдени мұраны сақтау, төл өнерді өрістету және елдімекендердегі мәдени инфрақұрылымды жаңғыртуға айрықша мән беріп келеді. Президент айтқандай, «Мәдениет – ұлттың төлқұжаты». Осы міндеттер аясында өңірлерде жаңа мәдениет ошақтары бой көтеріп, ауыл тұрғындарының шығармашылықпен айналысуына, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуіне және жас таланттардың талабын ұштауына қолайлы жағдай жасалып жатыр. Соның айқын мысалы – Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылындағы жаңа Мәдениет үйі.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ел іші – өнер кеніші» дейді халқымыз. Бес мыңнан астам тұрғыны бар Үштөбе ауылында да ән мен күйге, жыр мен биге бейім өнерпаздар аз емес. Алайда, көп жыл бойы олардың талантын танытып, шығармашылығын шыңдайтын лайықты орын болмаған еді.

Ауылдағы бұрынғы мәдениет үйі осыдан отыз жыл бұрын өртеніп кеткен. Содан бері мерекелік концерттер мен мәдени іс-шаралар ауыл әкімдігі ғимаратындағы шағын акт залында өтіп келді. Көрермендерге арналған орын жетіспейтін. Ұл-қыздарының өнерін тамашалауға келген тұрғындар залға сыймай, кейбірі сыртта қалатын.

Өнерпаздардың жағдайы да маз емес еді. Грим жасайтын арнайы бөліме түгілі, сахналық киім ауыстыратын отайлы орын да болмады. Дыбыс пен әуенді әрлейтін музыкалық құрылғылар ескірген. Соған қарамастан, ауыл өнерпаздары қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, мерекелік бағдарламаларды үзбей өткізіп жүрді.

Келешекте ел мәдениетінің өркендеуіне үлес қосатын жас өнерпаздар легі өсіп келе жатқан ауылға жаңа Мәдениет үйі қажет-ақ еді.

Үштөбе тұрғындарының көптен бергі тілегі 2025 жылы орындалды. Конституция күні қарсаңында ауыл іргесінен заманауи Мәдениет үйі ашылып, елдің ортақ қуанышына айналды.

Жаңа нысанның аумағы қоршалып, айналасы абаттандырылып, асфальт төселген. Мәдениет үйінде 200 орындық көрермендер залы және түрлі шығармашылық үйірмелерге арналған төрт бөлме бар. Нысан қажетті жиһаздармен, музыкалық және техникалық жабдықтармен толық қамтылған.

Сәулетті ғимараттың ашылу салтанатына Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, ауыл тұрғындарын қуанышты оқиғамен құттықтады. Қазақы дәстүрмен көрмдігі ретінде музыкалық аспаптар мен ақшалай сертификат табыс еткен еді.

Осылайша, отыз жыл бойы Мәдениет үйін күткен Үштөбе жұртының рухани өмірінде жаңа кезең басталды. Бұрын шағын залда өткізілген концерттер мен кездесулер енді арнайы жабдықталған кең сахнада ұйымдастырылады. Өнерге талаптанған балалар мен жастар үшін де жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Жаңа Мәдениет үйі аз уақыт ішінде ауылдың мәдени-рухани орталығына айналып үлгерді. Мұнда ұлттық тарих пен әдебиетті

дәріптейтін тағылымды шаралар өткізіліп келеді. Солардың бірі – Шанышқылы Бердіқожа батырдың ерлігіне арналған «Бердіқожа батыр» жырын орындаушылар байқауы. Байқау арқылы ел қорғаған батырдың ерлік жолы дәріптеліп қана қоймай, жыршылық және мәнерлеп оқу дәстүріне ден қойған өнерпаздардың шеберлігі шыңдалды. Мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың тарихи жадын жаңғыртып, елдік пен ерлік ұғымдарын санасына сіңіруге ықпал етеді.

Ұлтымыздың ұлық мейрамы – Наурыз Үштөбе Мәдениет үйінде айрықша мазмұнмен аталып өтеді. Мәдениет қызметкерлері «Наурыз-нама» онкүндігінің әр күнін ұлттық салт-дәстүрмен сабақтастырып, ауыл тұрғындарын кеңінен жұмылдырады.

Мәселен, «Көрісу күнінде» Мәдениет үйінің қызметкерлері ауылдағы мекемелерді аралап, еңбек ұжымдарын Амал мерекесімен құттықтады. Олар көрісу дәстүрінің мәнін түсіндіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үндеді.

«Салт-дәстүр күні» ауыл көлемінде ұлттық әдет-ғұрыптарды жаңғыртқан мазмұнды бағдарлама ұйымдастырылды. Тұрғындар қазақ халқының тұрмыс-салты, жөн-жоралғысы мен дәстүрлерін сахналық қой-

ылымдар арқылы көрсетті.

«Қазақ киімі – ұлт келбеті» челленджі де көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді. Үштөбеден басталған бастамаға аудан тұрғындары үн қосып, ұлттық киім кию арқылы қазақы болмыстың көркемдігін насихаттады.

«Ұлттық ойындар күні» Үштөбе ауылының мектебімен бірлескен спорттық сайыстар өткізілді. Балалар мен жастар асық ату, арқан тарту және басқа да дәстүрлі ойындардан күш сынасты. Мұндай жарыстар ұлттық ойындарды көпшілікке танытып қана қоймай, жас ұрпақты ептілікке, ұйымшылдыққа және саламатты өмір салтына баулитыны анық.

Мәдениет үйінің жұмысы мерекелік концерттермен ғана шектелмейді. Мұнда әдеби-танымдық кештер, шығармашылық жүздесулер мен рухани басқосулар тұрақты өткізіледі.

15 сәуір – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күніне орай «Ғашықтар әуені» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Қазақ әдебиетіндегі кіршіксіз махаббаттың символына айналған қос ғашықтың тағдыры ән мен жыр арқылы өрнектелді.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шебері Абай Шарапиевпен мазмұнды кездесу өтті. Рухани кеште Мәшһүр Жүсіптің ғұмыры, ғылыми-әдеби мұрасы, ел тарихы мен руханиятындағы орны сөз болды. Кездесуге Үштөбе тұрғындарынан бөлек, облыстың әр ауданынан келген зерттеушілер мен қаламгерлер қатысты. Бұл басқосу жаңа Мәдениет үйінің бір ауылдың ғана емес, тұтас аудан мен өңірдің зиялы қауымы жиналатын рухани алаңға айналып келе жатқанын көрсетті.

Үштөбе ауылы – домбыра ұстап ән айтатын, күй шертетін және түрлі өнер саласына ден қойған таланттар мекені. Ауылдан түлеп ұшқан өнерпаздардың бірі – халықаралық сахнада Қазақстанның намысын қорғаған Аяла Мұқышева. Ол 2014-2015 жылдары Санкт-Петербург қаласында өткен «Салют талантов» халықаралық жобасының V суперфиналына қатысты. Үштөбе орта мектебінің оқушысы байқауда I дәрежелі лауреат атанып, суперфиналдың гала-концертінде өнер көрсету құқығына ие болды. Байқауға Ресей, Қазақстан, Беларусь, Өзбекстан және Финляндиядан 600-ден астам жас музыкант қатысқан. Аяла Мұқышева «Вокалдық шығармашылық» аталымында «Қазақстаным, алға!» әнін орындап, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Ол іріктеу кезеңінің барлық турынан өткен жалғыз қазақстандық орындаушы



ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ

атанды. Үштөбеден шыққан жас әншінің жетістігі ауылдың ғана емес, тұтас елдің абыройын асқатқатты.

Бүгінде осындай талантты балалардың шығармашылығын дамытуға жаңа Мәдениет үйінде барлық мүмкіндік бар. Үйірме бөлмелері жас өнерпаздардың ән, күй, би және сахна өнерімен жүйелі айналысуына жол ашты.

Үштөбе ауылдық Мәдениет үйінің меңгерушісі Мырзабек Болысбаевтың айтуынша, ауыл ішіндегі таланттарды тауып, олардың талабын ұштау – мәдениет қызметкерінің негізгі міндеттерінің бірі.

– Мәдениет үйінің басты миссиясы – халқымыздың төл мәдениетін, салт-дәстүрін жаңғыртып, оны кейінгі буынға жеткізу. Біз осы мақсат жолында қалтқысыз қызмет етеміз. Ауылымызда талантты балалар мен жастар өте көп. Енді олардың шығармашылығын дамытуға қажетті жағдай жасалды. Мерекелік концерттерімізге тұрғындар белсенді қатысады, көрермендер залы лық толады. Ауыл халқының қолдауын үнемі сезінеміз. Мәдениет арқылы елдің бірлігі бекіп, ауылымыздың ынтымағы арта түседі деп сенемін, – деді Мырзабек Болысбаев.

Мәдениет үйі – жай ғана концерт өткізетін ғимарат емес. Ол – ауыл тұрғындары бас қосатын, өнерпаздар қанаттанатын, ұлттық мұра дәріптелетін және ұрпақтар сабақтастығы жалғасатын рухани орта. Үштөбедегі жаңа мәдениет ошағы аз уақыт ішінде осы міндеттің үдесінен шыға бастады. Мұнда ұлттық мейрамдар мен дәстүрлер жаңғыртылып, тарихи тұлғалардың мұрасы насихатталды. Жастар өнерге баулынса, аға буын өнегесін ортаға салады.

Президент айқындаған мәдени мұраны сақтау, ұлттық өнерді өрістету және өңірлердегі мәдени инфрақұрылымды дамыту міндеті Үштөбе ауылында осылайша нақты мазмұнға ие болды. Жаңа Мәдениет үйі ауылдың рухани тынысын кеңейтіп, ел ішіндегі өнер кенішінің көзін ашты.

Бұқар жырау ауданы

Сурет автордан

Қарағанды облысы Шахтинск қаласында «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС-нің өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті Шахтинск қаласына жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен өткізу қызметтеріне «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС тарифтің өзгеруі туралы ақпаратты қарау бойынша қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау шекті баға өзгерту жөніндегі ақпаратты қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген міндетті рәсім болып табылады. Оларды өткізу тұтынушылардың пікірін ескеру және шекті баға бекіту кезіндегі әділдік қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2026 жылғы 27 шілдеде сағат 10:00-де Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай даңғылы 50 мекенжайы бойынша өткізіледі.

Департамент мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдардың өкілдерін, мемлекеттік органдарды, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдардың және басқа да мүдделі тұлғаларды қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Сонымен қатар, «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС-нің тұтынушылары және өзге де мүдделі тұлғалар қоғамдық тыңдауға департаменттің Facebook әлеуметтік желідегі ресми парақшасы арқылы онлайн-режимде де қатыса алатындарын хабарлаймыз.

Сілтеме: (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>)

Әрбір қалаушы онлайн-режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады: 8(7212) 21-57-10

Қауіпсіздік тәртіптен басталады

Облыста өткен «Қауіпсіз жол» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында 2800-ден астам жол қозғалысы ережелерін бұзу дерегі анықталды. Бұл туралы Police.kz хабарлады.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында ұйымдастырылған кең ауқымды рейд барысында полицейлер жолдағы тәртіпті күшейтіп, тәулік бойы бақылау жүргізді. Нәтижесінде қарсы қозғалыс жолағына заңсыз шыққан 54 жүргізуші анықталса, көлік басқару құқығынан айырылғанына қарамастан тартылған 22 адам жауапқа тартылды.

Сондай-ақ, рейд кезінде заңсыз қайта жабдықталған 94 көлік анықталып, жалған мемлекеттік тіркеу нөмірлерін пайдаланудың 17 дерегі тіркелді. Бұдан бөлек, есірткі заттарын медициналық емес мақсатта қолданудың 28 фактісі белгілі болды.

Өкінішке қарай, профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілгенімен, бірқатар жүргізушілер заң талаптарын елемей, өздерінің ғана емес, өзге жол қозғалысына қатысушылардың да өміріне қауіп төндіруді жалғастырады.

Мәселен, 18 шілдеде Теміртау қаласында жүргізуші куәлігі



жоқ әрі алкогольдік масаң күйде Warrior маркалы электромopedті басқарған азамат ұсталды. Оған қатысты әкімшілік іс қозғалды.

Ал, 19 шілдеде Балқашта тәртіп сақшылары тоқтатқан Lada Priora көлігінің жүргізушісі бұған дейін көлік басқару құқығынан айырылғаны анықталды. Соған қарамастан ол қайтадан мас күйінде көлік жүргізген. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс тіркеліп, тергеу амалдары басталды.

Сол күні Теміртауда тағы бір

өрескел құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Полицейлер тоқтатқан 47 жастағы скутер жүргізушісі де көлік басқару құқығынан айырылғанына қарамастан алкогольдік масаң күйде көлік тізгіндегені белгілі болды.

Полиция мамандарының айтуынша, мұндай құқық бұзушылықтар жолдағы ең қауіпті әрекеттердің қатарына жатады. Өйткені мас күйінде немесе жүргізуші куәлігінсіз көлік басқару ауыр жол-көлік оқиғаларының

негізгі себептерінің бірі саналады.

Облыстың полиция департаменті жол қозғалысы ережелерін сақтау әрбір жүргізуші мен жаяу жүргіншінің ортақ міндеті екенін еске салады. Тәртіп сақшылары жолдағы қауіпсіздік ең алдымен әр адамның жауапкершілігіне байланысты екенін атап өтіп, жүргізушілерді заң талаптарын қатаң сақтауға шақырды.

Өз тілшімізден

• ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРІ ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ – 80 ЖАСТА

Ғарышкердің жердегі ізі

Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің есімі – ұлт тарихындағы ерлік пен табандылықтың айрықша нышаны. Авиация генерал-майоры, КСРО-ға еңбек сіңірген сынақшы-ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры әрі Қазақстанның Халық Қаһарманы атанған Тоқтар Оңғарбайұлының өмір жолы – қарапайым еңбек адамынан ғарыш кеңістігін бағындырған тарихи тұлғаға дейінгі тұтас бір тағылымды мектеп.

Бүгінде батыр ағамыздың ги-
братты ғұмыры мен ерлік жолы
өзі туған Қарқаралы өңіріндегі та-
рихи-өлкетану музейінде кенінен
насихатталып келеді. Қазақтың
тұңғыш ғарышкеріне арналған
алғашқы арнайы экспозиция 1990
жылдардың соңында ашылған.
Кейін жаңартылып, 2020 жылы
жеке «Космос» залы жасақталды.
Зал төріндегі «Союз ТМ-13» ға-
рыш кемесінің макеті 1991 жыл-
дың 2 қазанындағы тарихи са-
парға бірден жетелеп әкетеді.

Тоқтар Әубәкіровтің Қазақстан
Республикасы Қорғаныс мини-
стрінің орынбасары қызметінде
киген кителі, ұшқыш баскімі,
курсанттық және әскери қызмет
жылдарындағы фотосуреттері
оның ғұмырының сәулелі сәттері-
нен сыр шертеді.

Музей қорындағы ферроси-
ликоалюминий мен кристалдық
кремний үлгілері де жай ғана
өндірістік жәдігер емес. Олар
ғылым, металлургия және ғарыш
зерттеулерінің өзара байланысын
танытады. Осы тұрғыдан алғанда
музейдегі «Космос» залы – өткен-
ді тамашалайтын орын ғана емес,
ғылымға, ізденіске және биік мақ-
сатқа жетелейтін таным алаңы дер
едік.

Музейдегі ең қымбат жәдігер-
лердің бірі ғарыш кемесіне де,
әскери авиацияға да қатысы жоқ.



Ол – Тоқтар Әубәкіровтің әкесі
Әубәкір ұстанның өз қолымен жа-
саған шоқсалғышы.

Шоқсалғыш – ішіне қызған
шөк салып, үстіне шай құманын
қойып жылытуға арналған тұр-
мыстық бұйым. Қазақ ауылының

күнделікті тіршілігінде пайда-
ланылған қарапайым құрал. Әй-
ткенмен, осы бір шағын ғана
жәдігердің бойына тұтас әулеттің
тарихы, перзенттік сағыныш пен
туған жерге деген іңкәрлік сыйып
тұр.

Тоқтар Әубәкіров әкесінен ерте
айырылған. Сондықтан, есейген
шағында ауыл қарияларынан әкесі
жайлы естеліктерді жиі сұрап,
оның қолынан шыққан қандай да
бір бұйым сақталған-сақталмаға-
нын білгісі келген.

Бұл өтініш ауыл тұрғыны Рым-
бикеш Қыныбаева арқылы оның
апасы Гүлзибаға жетеді. Гүлзи-
ба апай 1953 жылы Егіндібұлақ
өңіріне тұрмысқа шыққанда, әкесі
жасауына Әубәкір ұста арнайы
соққан шоқсалғышты қосқан екен.
Арада талай жыл өткенде сол бұй-
ым өзінің шын иесін тапты.

Гүлзиба апай шоқсалғышты
Тоқтар Әубәкіровке өз қолымен
табыстағанда, ғарышкер ерекше
толқыған. Кейін Тоқтар ағамыз
шоқсалғышты музейге сыйға
тартты. Қазір ол Қарқаралы та-
рихи-өлкетану музейінің Ақжол
ауылындағы бөлімінде сақтаулы.

Ғарышкер ғұмырына зер
салғанда, биіктік пен тамырдың
бір-біріне қарсы ұғым емес екенін
аңғарамыз. Керісінше, тамыры
терең адам ғана биікке нық кө-
теріледі.

Тоқтар Әубәкіровтің тұғырлы
биігі – аспанда. Ал, терең тамыры
– туған жерінде.

Сәтбек СЛАМБЕКОВ,
Қарқаралы тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қызметкері

Суреттер автордан

• ДОЙБЫ

Дойбышылар дараланды

Павлодарда дойбыдан ересектер мен жастар арасында өткен командалық ел чемпионаты өз мәресіне жетті. Аталған турнир-де былтыр да дәл осы байқауда жеңіске жеткен облыс құрамасы өнер көрсетіп, бір алтын, бес күміс және бір қола медаль еншіледі.

100 шаршы дойбы аталымында Қарағанды облысының ересектер құрамасы ел чемпионатында жоғары нәтиже көрсетіп, классикалық

бағдарлама бойынша өткен жылғы жетістігін қайталап, екі дүркін Қазақстан чемпионы атанды. Сонымен қатар, блиц бағдарламасында сәтті

өнер көрсеткен жерлестеріміз қола жүлдені иеленді. Ал, жастар құра-масы да жарыста лайықты ойын өрнегін көрсетті. Қарағандылық спортшылар классикалық бағдар-лама мен рапид сайысында күміс жүлдеге қол жеткізді.

64 шаршы дойбыдан Қараған-ды облысының ересектер құрама-сы да ел чемпионатында жоғары

деңгейде өнер көрсетті. Елдің үздік дойбышылары қатысқан тартысты бәсекеде жерлестеріміз үш бағдар-лама бойынша күміс жүлдеге қол жеткізді. Команда тек Батыс Қа-зақстан облысының қазіргі чем-пиондарына есе жіберіп, жарысты сенімді нәтижемен аяқтады.

Өз тілшімізден

• ДЖИУ-ДЖИТСУ

Шеберлік шыңдайтын шешуші кезең

Өңірде джиу-джитсудан халықаралық оқу-жаттығу жиыны өтіп жатыр. Тарландарымыздың тәжірибесін зерделеп, қармын шыңдау мақсатында кеншілер аста-насына Біріккен Араб Әмір-ліктерінен спортшылар келді. ОА JJ академиясы-ның базасында ұйымдасты-рылған бірлескен жаттығу-лар 1 тамызда Әбу-Дабиде басталатын әлем чемпио-натына жігі дайындықтың маңызды екенін аңғартты.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шетелдік делегация құрамын-да 15 спортшы мен төрт брази-лиялық жаттықтырушы бар. Со-нымен қоса, Әбу-Дабидегі Hamdan Bin Zayed School мектебінің жеті өкілі келген. Олардың қатарында білім ордасы директорының орын-басары, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері және БАӘ-нің білім беру мен спорт министрліктерінің қызметкерлері бар.

Оқу-жаттығу жиыны бары-сында спортшылар шеберліктерін шыңдап қана қоймай, түрлі күрес мектебінің әдіс-тәсілдерін өза-



ра салыстыра түсуде. Сондай-ак, БАӘ Білім министрлігі мен Қа-рағанды облысының джиу-джит-су федерациясы арасында ынты-мақтастық туралы меморандумға

қол қою мәселесі де талқыла-нуда. Құжат бірлескен жаттығу жиындарын тұрақты өткізуге, білім беру жобаларын жүзеге асы-руға және мамандар арасындағы

тәжірибе алмасуға жол ашпақ.

– Мұндай ынтымақтастық спортшыларымыз үшін өте маңы-зды. Өңіріміздің джиу-джитсу мектебі үздіксіз дамып келеді.

Бүгінде ол жасөспірімдер спор-ты бойынша әлемдегі жетекші мектептердің бірі саналады. Сон-дықтан, шетелдік спортшылар бізбен жаттығып, тәжірибе алма-су үшін келеді. Мұндай байланыс екі тарапқа да пайдалы, – деді облыстың джиу-джитсу федера-циясының президенті Аян Шер-мағанбетов.

Біріккен Араб Әмірліктерін-де джиу-джитсуға айрықша мән берілген. Тіпті, бұл спорт түрі елдегі мектептердің міндетті оқу бағдарламасына енгізілген. Бала-лар тұрақты жаттығып, арнайы емтихан тапсырады. Әбу-Да-би шейхінің қамқорлығындағы Hamdan Bin Zayed School Қа-зақстанға осындай оқу сапарын ұйымдастырған Әмірліктердегі алғашқы білім беру мекемесі.

– Қазақстандағы джиу-джит-судың дамуын соңғы сегіз-тоғыз жыл бойы жіті қадағалап келеміз. Сіздердің спортшыларыңыз ірі халықаралық жарыстарда үнемі жоғары нәтиже көрсетіп жүр. Сондықтан, мұндағы жаттығу үдерісінің қалай ұйымдастыры-латынын өз көзімізбен көргіміз келді. Тік тұрып күресу мен пар-тердегі дайындықтың ерекшелік-терін зерттеп, әйдік әдістемені меңгеруге ниеттіміз. Мұндағы спортшылардың тәртіпті, ең-

беккор әрі жігерлі екеніне көз жеткіздік. Біздің шәкірттеріміздің де осындай қасиеттерді бойы-на сіңіргенін қалаймыз, – деді джиу-джитсудан қара белбеу ие-гері, жаттықтырушы Хуго Маси-эл.

Жиынға қатысушылар ара-сында жуырда Азия чемпионы атанған жерлесіміз Ариана Бай-серкеева да бар. Қазір жас спорт-шы әлем чемпионатына қызу дай-ындық үстінде.

– Бірнеше күннен бері бірге жаттығып келеміз. Бұл біз үшін өте пайдалы тәжірибе болатыны кәдік. Жаттықтырушылар жаңа техникалық әдіс-тәсілдерді көр-сетеді, ал, біз оларды бірден бел-десу кезінде қолданып көреміз. Мұндай бірлескен жаттығулар көп нәрсе үйренуге және шебер-лігімізді шыңдауға мүмкіндік бе-реді, – дейді Ариана Байсеркеева.

Айта кетейік, алда қараған-дылық джиу-джитсу шеберлерін тағы бір ірі бәсеке күтіп тұр. 19 қыркүйекте Жапонияда жазғы Азия ойындары басталады. Бай-рақты бәсекеде Қазақстан құра-масының сапында облыс намы-сын Ажар Салықова қорғайды.

Сурет
облыс әкімдігінің сайтынан

• ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Аланның кезекті алтыны

Өзбекстан астанасы Ташкентте өтіп жатқан үстел теннисі-нен WTT Youth Contender Tashkent II халықаралық турнирі өз мәресіне жетті. Әлемнің 22 елінен кіл мықтылар қатысқан дүбірлі долада Ұлттық құрама спортшылары да бақ сынап, екі алтын, бір күміс және төрт қола медаль жеңіп алды. Солардың қатарында қарағандылық Алан Құрманғалиев те сынға түсіп, халықаралық турнирдің жеңімпазы атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміз ересектер арасын-да сынға түскен. Өз санатында жеті кездесу өткізіп, барлығында да жеңіске жетті.

Алғашқы кездесуінде ол Моңғолия спортшысы Ганбаяр Герэлчулууды 3:0 есебімен тізе бүктірсе, одан кейін Үндістанның спортшысы Аринджай Кучхалдан 3:1 есебімен айласын асырған.

Ақтық сынға дейін өзбекстандық, екі үндістандық, жапониялық қар-сыласын 3:0 есебімен айқын ба-сымдыкпен жеңіп, ақтық кезеңге өтті. Ал, финалда жерлесіміз Жапон спортшысы Оно Сомамен ойнап, нәтижесінде 3:1 есебімен жеңді.

Айта кетейік, бүгінде Алан Құр-манғалиевті Эльмира Әлиева мен Тоқтамыс Хасенов жаттықтырады.

Сурет облыстық
дене шынықтыру және
спорт басқармасынан

• СУ СПОРТЫ

Екі дүркін Азия чемпионы

Таиландтың Бангкок қаласында су спорты түрлерінен Азия чемпионаты өтті. Онда ұлттық құрама сапындағы темір-таулық синхронды жүзуші Виктор Друзин өнер көрсетіп, ал-тын жүлдеге қол жеткізді. Осылайша жерлесіміз Азияның екі дүркін чемпионы атанды.

Виктор аталған чемпионатта техникалық соло бағдарламасын-да өнер көрсетті. Нәтижесінде, төрешілер жерлесімізді үздік деп бағалап, өз аталымында жеңімпаз деп тапты. Жас спортшы 231,8550 ұпай көрсеткішімен үздік шыққан.

Айта кетейік, жерлесіміз өткен жылы да Азия чемпионатында өнер көрсетіп, жеңімпаз атанған. Бүгін-де оны жаттықтырушысы Елена Котова байрақты бәсекелерге ко-сып жүр.

Өз тілшімізден

 ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ			
Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19			
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.			
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 284 №79 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ			